



Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Metallург күнімен құттықтауы

Құрметті металлургия саласының еңбеккерлері мен ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Metallург күнімен құттықтаймын!

Металлургия – ұлттық экономиканың басты саласының бірі, мұнда өз ісіне шын берілген, қажыр-қайраты мол, жауапкершілігі жоғары жандар еңбек етеді.

Бұл – адамның мінезі мен ерік-жігері шындалатын, максатқа жету жолындағы табандылығы мен қайсарлығы қалыптасатын жер.

Кезінде өзім де осы өмір мектебінен өтіп, бай тәжірибе жинағанымды мақтан тұтамын. Менің кейінгі қызмет жолымда оның пайдасы тиді.

Металлургия саласындағы мамандардың еңбексүйгіштігі, қайсарлығы және табандылығы зор құрмет пен шынайы алғысқа лайық.



Сіздер өз жұмыстарыңыз арқылы Қазақстанның экономикалық әл-ауқатының артуына сүбелі үлес қосып келесіздер.

Қажырлы еңбектеріңіз бен асқан шеберліктеріңіз алдағы уақытта да еліміздің өркендеуіне септігін тигізе беретініне сенімім зор.

Сіздерге мол табыс, дендеріңізге саулық және бақ-береке тілеймін!

ДӘРІГЕР ҚАТЕЛІГІН ДӘЛЕЛДЕУ ҚИЫН

Адам өмірін ең құнды қазынаға балайтын біздің елде дәрігерлердің үстінен шағым айтатындар көбейген. Соңғы жылдардың өзінде өз ісіне жүрдім-бардым қараған 1 000-нан аса медицина саласының мамандары жауапкершілікке тартылыпты. Алайда жазадан кейін жағдай өзгерді десек қателесеміз. Өйткені дәрігер салғырттығынан сал болып, тіпті ажалынан бұрын өліп кеткендер азайған жоқ. Жарық дүниеге жаңа келген періштенің өзіне аяушылық танытпаған атыраулық дәрігерлердің ісін ақтау ақылға қонымсыз болар еді.

Жасыратыны жоқ, көбіміз шыбын жан мұрынның ұшына тірелгенде ғана шарасыздықтан дәрігерлердің алдына шипа іздеп барамыз. Бірақ көп жағдайда ауру асқынғанда қажетті ем-домды жасаған күннің өзінде дендеп кеткен дертке дауа жасауға медицинаның өзі қауқарсыз болады. Ал ауруды алдын алуға болатын жағдайда жауапкершілігіне немқұрайлы қарап, қажетті ем-домын дұрыс жасамаған жағдайда қайтпек керек? Өкінішке қарай, медицинаның қауқарсыздығына қарағанда соңғысынан зардап шеккендер жетерлік. Бірақ ақ халаттылар жасаған қателікті анықтау қиын.

Елорда тұрғыны Сара осыдан екі жыл бұрын көрген азабын қазір көзіне жас алып еске алады. Алланың қалауымен ғана аман



қалғанын айтқан ол: «Үшіншімі Нұр-Сұлтан қалалық №2 перзентханасында босандым. Қызым жүрек ақауымен туылды. Дәрігерлердің балам екеуімізге көрсеткен қорлықтарын есіме алсам, әлі күнге дейін тамағымға өксік тығылады.

(Жалғасы 5-бетте)

Қандас көшіне тосқауыл көп



Тәуелсіздік алған тұстан бері ілкіде алыс елдерде қалған ағайынға атажұртына оралуға жол ашылды. Осы кезге дейін 1 миллионнан астам қандасмыздың елге оралғанын білеміз. Өйткенмен қандастар көшіне әлі де кедергілер көп тәрізді. Себебі тарихи Отанына оралған жандардың ішінде азаматтық ала алмай жүргендері жетерлік. Мұндай келеңсіздікке себепкер болып отырған бірнеше жайт бар. Біраз жыл өтті, алайда бұл мәселелер неге жөнге келмей тұр?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сүйенсек, 2020 жылдың қорытындысы бойынша, 13 мың этникалық қазақ тарихи Отанына оралып, қандас мәртебесін алған екен. Олардың 53,1 пайызы Қытай

елінен келсе, 31,3 пайызы – Өзбекстаннан, 8,7 пайызы – Түрікменстаннан, 3,7 пайызы – Моңғолиядан, 3,3 пайызы басқа елдерден келіпті. Көшіп келген ағайындар негізінен Алматы облысына (51,3 пайыз), Маңғыстау облысына

(13,3 пайыз), Түркістан облысына (5,6 пайыз), Нұр-Сұлтан қаласына (4,1 пайыз), Шымкент қаласына (3,9 пайыз) қоныстаныпты. Бір қызығы, былтыр 13 мың этникалық қазақ Қазақстанға көшіп келген болса, 2019 жылғымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 4 мыңға аз екен. Яғни, 2019 жылы «қандас» мәртебесін 17,7 мың этникалық қазақ алған. Бұған қарап, шеттен көшіп келушілердің саны жыл сайын азайып бара жатқанын бағамдау қиын емес.

(Жалғасы 6-бетте)

Жұмыссыздар армиясы 450 мыңнан асты



Коронавирус індеті әлем елдерін жорға жүрісінен жаңылдырып, әбден абдыратып тастады. Ол жұмыссыздықты көбейтіп, халықтың әл-ауқалын төмендетті. Екі жылдан астам уақыт өткеннен кейін осы нәубетпен қай мемлекеттің қалай күресіп жатқанын салыстырулар арқылы көруге болады. Қазақстан ше? Біздің ел жұмыссыздықпен күресіп жатыр ма?

6 >>

Жымқырғандар көбеймесе, азаймай тұр

«Жемқорлық індет – жою міндет». Алайда бұл ұранды айта-айта қатайтын болдық. Олай дейтініміз – Жамбыл облысында жемқорлықпен күрес күшейтілгенімен, әлі де болса «биені бүгімен, түйені түгімен» жұтатындар азаймай тұр.



7 >>

Полигон жері пайдалануға дайын ба?

Биыл Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толады. Айта кетерлігі, ол – Қазақстандағы бірінші әрі ірі ядролық полигон. Сондықтан қазақ даласының табиғаты мен жергілікті халықтың денсаулығына тигізген зардабы зор болды. Сөйте тұра, қазір ғалымдар сол радиациямен әбден уланған жердің 80 пайызын ауыл шаруашылығы үшін пайдалануға болады деуден танбай отыр. Бірақ белгілі мамандар тарапынан оған қарсы уәж де айтылып жатыр.

1,2 МИЛЛИОН АДАМ АЗАП ШЕККЕН

Нақты айтқанда, бұл полигон – КСРО Қорғаныс министрлігі мен Атом өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен құрылған, 1965 жылдан 1988 жылға дейін 18 мың шаршы шақырымдық жеріне ядролық жарылыстар жүргізілген



сынақ аймағы. Ол кеңістікке Израиль, Бельгия, Словения сияқты мемлекеттер еркін сыйып кетеді екен. Өкінішке қарай, Кеңес үкіметінің 70 пайыз ядролық сынағы Қазақстанда жасалып, жерімізге шамамен 600 миллион тоннадай улы қалдықтар көмілген. Соның ішінде бір ғана Семей

өңіріне 40 жылдан астам уақытта 470 ядролық және термиядролық алапат жарылыс жасалған. Жіктеп айтқанда, әуеде – 90, жер бетінде – 26, жер астында 354 жарылыс жүргізіліпті. Ал олардың жинақталған тротилдік баламасы 17,7 мегатонна болған.

4 >>

Ауыл мәртебесінен арылмаған қалалықтар



Құрылғанына үш жыл болған еліміздегі үшінші мегаполис саналатын Шымкент қаласы күн сайын көркейіп, дамып келе жатыр деп мақтанып жүрміз. Шынтауайтына келгенде көркейіп жатқан – қаланың орталығы. Ал қала шетіндегі елді мекендердің тұрғындары әлі күнге дейін ауыл статусынан аса алмай келеді. «Қалалық болғанымызбен күніміз ауыл тұрғындарынан да нашар», – дейді олар.

6 >>

«Ордабасы» «Ертістің» күйін кеше ме?

«Ордабасы» қаржылық қиындыққа тап болды. Клубтың биылғы маусымға бөлінген бюджеті жарты жылға да жетпеген деген ақпар бар. Қаржыдан қағылған шымкенттік клубтың басшылығы айлығы жоғары шетелдік және қазақстандық футболшылармен келісімшартты бұзып жатыр. Бүгінге дейін команда сапынан Май Махлангу, Жоао Паулу, Тимур Досмағамбетов, Темірлан Ерланов, Мирзад Механович, Бағдат Қайыров, Игорь Трофимец және Рубен Бриджидо кетті.



8 >>

Ел басшылығының ерекше бақылауында



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Маңғыстау облысында болды. Сапар барысында ол облыс аудандары тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ететін «Каспий» су тұщыту зауытының қызметімен танысты. Ауызсу мәселесі өңір үшін аса маңызды екені белгілі. Сенат басшысы бұл мәселені шешу үшін қосымша су тұщыту нысандарын салу қажеттігіне назар аударды.

Сенат Төрағасы Үкіметтің соңғы кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге ерекше екіпін түсіргенін атап өтті. М.Әшімбаев еліміздің бірқатар өңіріндегі, соның ішінде Маңғыстау облысының фермерлері тап болып отырған құрғақшылық пен мал шығыны проблемаларын да көтерді. Осы мәселе ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше бақылауында екенін атап өтіп, зардап шеккен фермерлер мен ауыл тұрғындарын қолдау жөнінде Үкімет пен әкімдердің кешенді шаралар қабылдап жатқанын айтты.

«Президент фермерлерді қолдау үшін Үкімет резервін пайдалануды тапсырды. Үкімет пен әкімдерге «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, фермерлерді

жемшөппен қамту үшін қажетті кешенді шараларды жедел түрде әзірлеу тапсырылды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру жағдайды тұрақтандыруға және еліміздегі шаруаларды қолдауға бағытталған», — деді Мәулен Әшімбаев.

Ол Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет азық жемге, жемшөп жинау жабдықтарына қосымша субсидия бөлу және қолайлы өңірлерден мал азығын форвардтық сатып алу үшін фермерлерді жеңілдікпен қаржыландыру шарасын қабылдайтынын қаперге салды.

М.Әшімбаев құрғақшылық кайталанатын табиғи құбылыс екеніне тоқталды. Сондықтан ел Президенті атап өткендей, жедел шаралардан басқа, саланы азықпен жабдықтауды арттыру бойынша

жүйелі шаралар әзірленуі қажеті айтылды.

Мәулен Әшімбаев сапар барысында балық және нан зауыттарының жұмысымен де танысты. Ол нысандарда болғанда Сенаттың заң шығару жұмысына тоқталып, пандемия кезінде азаматтар мен кәсіпкерлікті қолдау жөнінде қабылданған заңдар туралы мәлім етті.

Сенат Төрағасы сол күні Әбіш Кекілбаев атындағы мәдени орталықта болып, белгілі жазушы мен мемлекет қайраткері мәңгі есте сақтаудың маңызын қаперге салды.

«Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдық мерейтойына Мемлекет басшысы арнайы келіп, осы орталықты ашқан болатын. Көрнекті жазушы және мемлекет қайраткері Әбіш аға — халқымыздың рухани дамуына, сондай-ақ еліміз Тәуелсіздігінің нығаюына елеулі ықпал еткен адам. Ендеше оның есімін мәңгі есте қалдыру — біздің ортақ міндетіміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Елдос СЕНБАЙ

Көші-қон заңын бұзғандарға — 7 млн теңге айыппұл



Атырауда жыл басынан бері көші-қон заңдылығын бұзғандарға 7 млн теңге айыппұл салынды. Бұл туралы облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Департамент бастығы, полковник Қамза Үмбетқалиевтің мәліметінше, жыл басынан бері көші-қон заңдылығын бұзған 5

мыңға жуық адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның 3 мыңнан астамы — шетел азаматы.

«Полиция қызметкерлері облыс аумағында «Мигрант», «Зансыз келуші — 2021» жедел-профилактикалық іс-шаралары мен рейдтерді жиі ұйымдастырады. Мақсат — өңірдегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, зансыз келуді, тұруды, көші-қон саласындағы қылмыстарды, зансыз көшіп-қонушыларды анықтау.

Осындай шаралардың нәтижесінде жыл басынан бері көші-қон заңдылығын бұзғаны үшін 4 991 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 3 110 шетел азаматы бар. Сот шешімімен көші-қон заңдылығын бұзған 100 шетелдік ел аумағынан тысқары шығарылды», — деді Қамза Үмбетқалиев.

Оның айтуынша, көші-қон заңдылығын бұзған тұлғаларға 7 029 743 теңге айыппұл салынды. Айыппұл толық өндірілді.

23 қылмыстық іс қозғалды



Ішкі істер министрлігі осы уақытқа дейін вакцинация паспорты мен ПТР-тест анықтамасын қолдан жасау бойынша 65 қылмыстық іс қозғады.

Министрліктің мәліметінше, ауру өршіп, құрбандар саны да азаймай отыр. Бір күнде 5 648 адамнан коронавирус анықталды.

Жалған ПТР-тест пен вакцинация паспорттарын қолдан жасайтындарға қарсы күрес күшейтілді.

Тергеуде ПТР-тестін қолдан жасауға қатысты Қылмыстық кодекстің 385-бабы бойынша 42 қылмыстық іс болды (ҚК 385-бабы 1-бөлігі — 23, 2-бөлігі — 3, 3-бөлігі — 16), оның ішінде 39-ы биыл тіркелген.

Вакцина паспорттарын қолдан жасау фактісі бойынша биыл 23 қылмыстық іс тіркелді.

Н.БАҚЫТ

Pfizer төртінші тоқсанда жеткізілетін болды

Қазақстан Pfizer компаниясымен вакцинаны жеткізу бойынша алдын ала келісімге қол жеткізілді. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ведомство ақпаратына сәйкес, Pfizer компаниясымен 2021 жылдың төртінші тоқсанында вакцина жеткізу бойынша келісім жасалды.

«2021 жылдың наурызынан бастап Pfizer компаниясы өкілдерімен COVID-19 коронавирусы инфекциясына қарсы вакцинаны жеткізу мүмкіндігі туралы келіссөз басталды. Министрлік пен Pfizer компаниясының арасындағы өзара іс-қимыл шеңберінде құпиялық туралы келісімге қол қойылды», — делінген хабарламада.

Министрлік мәміленің негізгі шарттары туралы келісімдердің талаптарын оңтайландыру бойынша Pfizer компаниясымен тұрақты негізде келіссөз жүргізіліп жатқанын хабарлады. Оның



ішінде Үкімет деңгейінде келіссөз өткізілді.

Сонымен бірге Pfizer компаниясы вакцинаны жеткізу туралы келісім жасау үшін Қазақстан Президентінің Жарлығы қабылдануға тиіс екенін хабарлады.

Айта кетейік, Қазақстан коронавирусына қарсы британ-швед AstraZeneca вакцинасының өндірушілерімен де келіссөздерді қайта бастады. СК-Фармация баспасөз қызметінің хабарлауынша, Pfizer, Moderna және

Johnson&Johnson препараттарын да алу мәселелері талқыланып жатыр.

«Денсаулық сақтау министрлігі үшін фармацевтикалық препараттардың қауіпсіздігі мен сапасы өте маңызды екенін атап өту қажет. Қазіргі уақытта Денсаулық сақтау министрлігі коронавирусына қарсы вакциналардың барлық шетелдік өндірушілерімен келіссөздер жүргізіп жатыр», — делінген СК-Фармация хабарламасында.

Алматыда тағы бір қаржы пирамидасы анықталды



Алматыда World Business Consulting қаржы пирамидасын құрған бірнеше адамға қатысты сотқа дейінгі тергеу басталды. Бұл туралы қаржы мониторингі агенттігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар азаматтарға World

trend Strategies, Confidence World Group, HUBB international, Riviera imperial, Astesco және басқа үлестес компаниялардың инвестициялық жобаларына қаржы құюды ұсынған.

Бұл компаниялар заңды қызметтен емес, жаңа салымшылардың қаражаты есебінен сыйақы алуға кепілдік берген.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қорытындысына сәйкес, World Business Consulting қызметінде қаржы пирамидасының белгілері анықталды. Қазір тергеу-жедел іс-шаралары жүргізіліп жатыр, — деп хабарлады агенттік.

Қаржы мониторингі агенттігі азаматтарды сақ болуға және өз жинағын күмәнді қаржы ұйымдарына салмауға шақырды.

Сондай-ақ World Business Consulting қызметінің құрбаны болғандар Алматы қаласы Жібек Жолы даңғылы №127 үй мекенжайы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне немесе 8-775-923-40-90, 8 708 192 2818 телефондары бойынша хабарласа алады.

Басқа қала тұрғындары тиісті қаланың/облыстың қаржы мониторингі агенттігінің аумақтық департаментіне жүгіне алады.

1 миллион теңге мөлшерінде жалған ақша табылды

Ұлттық банк пен екінші деңгейлі банктер 2021 жылдың алғашқы алты айында 336 жалған банкнотты (333 банкнот және үш монета) анықтады. Жалған ақшаның жалпы сомасы — бір миллион теңге мөлшерінде. Бұл туралы Ұлттық банктің баспасөз қызметі хабарлады.

Көбіне номиналы 2 мың және 5 мың теңгелік купюралар қолдан жасалған. Жалған ақшаның басым бөлігі Алматы (228 купюра) мен Нұр-Сұлтанда (43 купюра) табылды.

Ұлттық банктің Қолма-қол ақша айналымы департаментінің Банкноттар мен монеталарды қараптау басқармасының бастығы Асқат Мұқамадиевтің айтуынша, контрафакт негізінен визуалды



қорғаныш элементтеріне ұқсас жасалды.

«Бір қарағанда, олар бірдей болуы мүмкін. Бірақ банкнотты мұқият қарасаңыз, жалған екенін анықтай аласыз. Түпнұсқа банкноттар айқын бейнелерімен ерекшеленеді, самұрық түріндегі белгі,

номинал, сондай-ақ жарыққа анық көрінетін қорғаныш жолағы болады», — дейді ол.

Шынайы ақшаны жалғанынан қалай ажыратуға болатыны туралы ақпаратты Ұлттық банк ресми сайтының біле аласыз.

Балаларға да вакцина салына ма?



Алматы қаласының бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшин балаларға вакцина салуға қатысты сауалға жауап берді.

Бекшиннің айтуынша, коронавирусына қарсы салынатын вакцинаның барлығы 18 жастан асқан азаматтарға арналған.

«Балаларға вакцина салынады екен» деген қауесет ел-жұртты үрейлендіріп жатыр. Вакцинаның балаларға салынатынын растайтын ешқандай ресми құжат жоқ. Сондықтан мұндай жалған ақпаратты таратуды доғару керек. Оның барлығы халықты аландату мақсатында жасалып жатыр деп ойлаймын. Елімізде 18 жасқа дейінгі балаларға вакцина салу мәселесі қаралмаған», — деді Жандарбек Бекшин.

Ж.НҰРЛАН

Партия кандидаты сайлаушылармен кездесті



Мәжіліс депутаты Геннадий Шиповских, «Nur Otan» партиясы Орталық аппаратының қызметкері Гүлнар Нұрахметханова Ақай ауылы тұрғындарымен кездесті.

Карантин талаптарына сай асуылдық клуб алдында өткен кездесуге ауыл тұрғындары, ақсақалдар және ауыл жастары жиналды.

Кездесуде сөз алған Мәжіліс депутаты Г.Шиповских 2025 жылға арналған сайлауалды бағдарламаның Жол картасы негізінде атқарылып жатқан және жүзеге асырылған жұмыстарға тоқталып өтті.

— Құрметті ауыл тұрғындары, өздеріңізге белгілі партияның 5 жылға арналған сайлауалды бағдарламасында сіздердің ауылға қатысты да біраз шаруа енгізілген. Қазір облыс бойынша Жол картасының 16%-ы жүзеге асырылып отыр. Атап айтсақ, 6 000-ға жуық тұрғыны бар Ақай ауылдық округіндегі электр желілерін кеңейту және қайта жаңғырту жобасы жүзеге асып, оның игілігін ел көріп отыр, — деді депутат.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары өздерінің талап-тілектері мен ұсыныстарын айтты.

Сауда үйлеріне мониторинг жүргізді



Шымкент қаласындағы әлеуметтік тауарлардың бағасын тұрақтандыру жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, аса қажетті азық-түлік бағалары қымбаттамаса арзандаған жоқ. Осыған орай Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» фракциясының мүшесі Ғани Ташқараев жұмыс сапары барысында әлеуметтік азық-түліктің бағасына мониторинг жасау үшін сауда үйлеріне барып, бағалардың шамасын бақылады.

Жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, қаладағы сауда орындарында әлеуметтік сөрелер арнайы ашылған. Ол сауда орындарында азық-түлік әлдеқайда арзан бағада саудаланады.

— Тексеріс барысында дүкенде тауарлардың сөрелері араласып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының белгілі бір жерге қойылмағаны, тактайшаларға атауы жазылмағаны анықталды. Яғни, тұтынушылар арзан тауарларды байқамай, дүкенде әлеуметтік азықтың сатылатынынан бейхабар, — деді Ғ.Ташқараев.

Осы олқылық бойынша депутат сауда орталығының басшысына ескерту жасап, әлеуметтік маңызы бар тауарларды белгілеп, арнайы сөреге орналастыруды тапсырды.

— Қазіргідей қауіпті індет қос бүйірден қысып тұрған уақытта көпшілік үшін күнделікті тұтынатын тауар бағасының тұрақтылығы өте маңызды. Сондықтан қиын кезде қарапайым тұрғындарға салмақ түспеу үшін бағалардың

негізсіз өсуіне жол бермей, бағаларды аптасына мониторинг жүргізу қолға алу керек. Алдағы күндері дүкендерге тағы мониторинг жасауды жоспарлама енгізіп қойдым, — деді халық қалаулысы.

Супермаркеттерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары арзан бағада сатылымға шыққан. Алайда бұл туралы тұрғындардың бірі білсе, сауда нүктелерінің басқа тауарлармен аралас орналасуына байланысты байқамай жүргендері де бар. Сөз соңында депутат қаладағы белгілі азық-түлік өнімдерін сататын сауда желісінде әлеуметтік тауарлардың бағасын қадағалау кезінде бірқатар кемшілікті байқағанын атап өтті.

— Біріншіден, әлеуметтік азық-түлік сөрелерін табу қиын. Екіншіден, арнайы әлеуметтік тауарлар екенін анықтайтын белгілері жоқ. Бұл бойынша қадағалаушы басқарма өкілдері мен супермаркет қызметкерлеріне ескерту айттым, — деді Ғ.Ташқараев.

Сапар барысында депутаттар жеке тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдап, тұрғындармен кездесу ұйымдастырып, айтылған ұсыныс-пікірлерді назарға алып, орындалуын қадағалады. Құртаев көшесі 10 қыркүйекке дейін ретке келтіріліп, Арыстанды көшесіне жыл соңына дейін асфальт төселетін болды. Көше құрылысының айтқан мерзімге дейін аяқталуы депутаттардың жеке бақылауына алынды.

Бұландының да мәселесі көп

Мәжіліс депутаттары, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері А.Үйсінбаев, Ю.Кучинская және М.Елубаев Ақмола облысына қарасты Бұланды ауданының Макинск қаласындағы өсімдік майын шығаратын зауытқа барып, аталған орынның құрылысымен танысты.

Халық қалаулылары алдымен «Nur Otan» партиясы Бұланды аумақтық депутаттық фракциясының мүшелерімен жиын өткізді. Онда «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын орындаудың Жол картасын іске асыру жайын тілге тиек етті. Жана бағдарламада әрбір облыс, аудан мен ауыл және халықтың барлық санаты қамтылған. Оның орындалуын қамтамасыз ету үшін депутаттар әрбір өңірлер бойынша бекітіліп, үйлестіруші топтар құрылды.

Одан соң халық қалаулылары Макинск қаласындағы қыркүйекте пайдалануға берілетін «Бота-2015» өсімдік майын өндіретін зауыттың құрылысымен танысты. «Бота-2015» май зауыты облыстағы тамақ өнеркәсібі саласындағы ірі инвестициялық жоба болмақ. Зауыт тәулігіне 600 тонна өнім өндіруге қауқарлы. Жоба құны — 5 миллиард теңге.



Кәсіпорын қыркүйек айында іске қосылады деп жоспарланып отыр. Бүгінге дейін 100-ге дейін тұрақты жұмыс орны ашылады.

Серіктестіктің атқарушы директоры Василий Боровитчін айтуынша, қазірдің өзінде 30 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Зауытта Қытай, Германиядан әкелінген заманауи үлгідегі қондырғылар орнатылған. Бұл дәнді дақылдардың кез келген түрін өңдеуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта өнімді көрші елдер нарығына экспорттау жоспарлануда. Жастарды жұмысқа тарту мақсатында

қазірде бұрынғы тұрғын үй сатып алынып, оған қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мәжіліс депутаттары, сондай-ақ «Арна» астық қабылдау кәсіпорнының еңбек ұжымымен кездесті. Жергілікті элеватор жаңа астықты қабылдауға толық дайын. Кәсіпорынның қуаттылығы — 167 мың тонна.

Халық қалаулыларының жұмыс сапары ауылға саяхатпен аяқталды.

Депутаттар Тұрсынбек Кәкішев атындағы Алтынды орта мектебінде болып, мектептің жөндеу жұмыстарымен танысты.

Депутаттар Саранда жүр



Қарағанды облысының Саран қаласында Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі Юрий ЖУЛИН QazTehna ЖШС Yutong автобустары мен арнайы техникалар шығаратын зауытқа іссапармен барып, танысты.

Саран қаласындағы Yutong жолаушылар автобусын шығаратын зауыт 2020 жылғы желтоқсан айында ашылды. Бұл кәсіпорын бұрынғы РТИ зауытының базасында жұмыс істейді. Зауытпен бірге Саран қаласы үшін қала құраушы болып табылатын тұтас индустриялық аймақ қайта жаңғыруда.

Жолаушылар автобустарын өндіру бойынша инвестициялық жобаны іске асыру үшін жоба операторы QazTehna ЖШС, «Сарыарқа» ӘКК» АҚ және

Yutong компаниясының қатысуымен бірлескен кәсіпорын құрылды. Инвестиция сомасы — 22,1 млрд теңге.

Зауыт жылына 1 200 автобус шығаруды жоспарлап отыр. Бұл бірінші кезеңнің өзінде Қазақстанның қоғамдық көлік паркінің тозған жағдайына айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, келешекте Саран қаласындағы зауыт жол-құрылыс және жүк техникасын шығаратын болады. Бұл техника Қазақстанның өнеркәсіптік және тау-кен

өндіруші компаниялары арасында үлкен сұранысқа ие. Ал максималды жүктеме кезінде зауыттың өндірістік қуаты олардың толық қажетін қанағаттандыра алады. Жылына 500-ге жуық арнайы техника шығару жоспарланып отыр.

Саран қаласы бойынша осы кәсіпорында бес жыл ішінде 400 жана жұмыс орны құрылады. Бүгінде өндірістік үй-жайларды қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Жабдықтар мен құрал-саймандар өндірісі іске қосылды. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 142 адам жұмыспен қамтылды.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Денсаулық саласындағы олқылықтар айтылды

«Nur Otan» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанынан құрылған Ұлт денсаулығы мәселелері жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Жиынға Мәжіліс депутаты Г.Нұримова, «Nur Otan» партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасының орынбасары М.Мәтен, Жамбыл облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ә.Қалиев және кеңес мүшелері қатысты.

Кеңес отырысында партияның сайлауалды бағдарламасының Жол картасында белгіленген денсаулық саласы бойынша көрсеткіштердің орындалу барысы, ана мен бала өлімі деңгейін төмендету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар және жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мәселелері қаралды.

Алдымен облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ә.Қалиевтің 6 айда атқарған жұмыстар туралы баяндамасы тыңдалды. Өңірлік Жол картасында денсаулық сақтау саласына



қатысты 12 тармақ белгіленген. Қазір оның біреуі орындалды. Сондай-ақ Ә.Қалиев аймақта ана және нәресте өлімі туралы да айтып өтті. Биыл өңірде 3 ана өлімінің жағдайы тіркелген. Ал нәресте өлімі бойынша өткен жылдың 6 айында облыс бойынша 80 нәресте шетінесе, биыл бұл көрсеткіш 117-ге жеткен.

Бұдан бөлек, басқарма басшысы денсаулық саласындағы маман тапшылығы, жасөспірімдер арасында ерте жүктілік, жасанды

түсік жасату мәселелері туралы баяндалды.

Кеңес барысында Мәжіліс депутаты Г.Нұримова халықтың әл-ауқатын арттыру Елбасы саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтіп, сайлауалды бағдарламаның Жол картасындағы көрсеткіштерді өз деңгейінде орындап, назарда ұстау кергін атап өтті. Отырыс соңында кеңес мүшелерінің ұсыныстары қабылданып, көтерілген мәселелер бақылауға алынды.

Мектептегі құрылыс барысымен танысты

Павлодар облысына жұмыс сапары аясында Мәжіліс депутаттары Айгүл Нұркина, Анатолий Бойчин, Вера Ким Жетекші ауылында болып, шағын орталығы бар мектептің құрылыс барысымен танысты.

Бұл нысанға «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы аясында қаражат бөлінді. Мектеп 300 орынға, шағын орталық 100 орынға есептелген.

Жұмыстарды 2020 жылғы мамыр айынан бастап «Мехколлонна №59 Құрылыс-монтаж фирмасы» ЖШС орындайды. Жұмыстарды аяқтау уақыты 2021 жылдың 29 тамызына жоспарланған.

Нысанды аралау барысында депутаттар бірқатар кемшілікті анықтады. Жалпы, өңірдегі білім беру нысандарының құрылысына келетін болсақ, бірнеше рет өткір көтеріліп келе жатқан тағы бір проблемалық мәселені атап өтті.

Мердігерлік ұйымдардың өкілдері ЖСҚ әзірлеу және білім



беру объектілерін салу кезеңіне төтенше жағдай, өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және әлеуметтік қорғау органдары қатыспайды деп шағымданады, тиісінше олармен келісу жүргізілмейді. Бірақ білім беру қызметіне лицензия алған кезде жанадан енгізілген объектілер осы органдармен келісудің міндетті рәсімінен өтеді. Осы сәтте келісу органдарының

ескертулерін жою қиын болып көрінеді. Сондықтан мердігерлер білім беру объектілерін салу бойынша ЖСҚ келісу бойынша заң жобасына толықтырулар енгізу туралы мәселені қарауды және келесі органдарды жоғарыда аталған келісудің органдардың тізіміне енгізуді сұрады.

Осы проблемалық мәселелер мен ұсыныстың барлығын мәжілісмендер өз бақылауына алды.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

Полигон жері пайдалануға дайын ба?



Биыл Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толады. Айта кетерлігі, ол – Қазақстандағы бірінші әрі ірі ядролық полигон. Сондықтан қазақ даласының табиғаты мен жергілікті халықтың денсаулығына тигізген зардабы зор болды. Сөйте тұра, қазір ғалымдар сол радиациямен әбден уланған жердің 80 пайызын ауыл шаруашылығы үшін пайдалануға болады деуден танбай отыр. Бірақ белгілі мамандар тарапынан оған қарсы уәж де айтылып жатыр.

Еркеғали БЕЙСЕН

1,2 МИЛЛИОН АДАМ АЗАП ШЕККЕН

Нақты айтқанда, бұл полигон – КСРО Қорғаныс министрлігі мен Атом өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен құрылған, 1965 жылдан 1988 жылға дейін 18 мың шаршы шақырымдық жеріне ядролық жарылыстар жүргізілген сынақ аймағы. Ол кеңістікке Израиль, Бельгия, Словения сияқты мемлекеттер еркін сыйып кетеді екен. Өкінішке қарай, Кеңес үкіметінің 70 пайыз ядролық сынағы Қазақстанда жасалып, жерімізге шамамен 600 миллион тоннадай улы қалдықтар көмілген. Соның ішінде бір ғана Семей өңіріне 40 жылдан астам уақытта 470 ядролық және термоядролық алапат жарылыс жасалған. Жіктеп айтқанда, әуеде – 90, жер бетінде – 26, жерастында 354 жарылыс жүргізіліпті. Ал

олардың жинақталған тротилдік баламасы 17,7 мегатонна болған.

Ең сорақысы, әуе мен жер бетінде жүргізілген 55 жарылыстың радиоактивті бұлттары мен жерасты жарылыстарының 69 газ фракциясы полигон шегінен тыс жерлерге де тарап, Қазақстанның шығысын түгелдей лаптаған. Сонда Семей полигонының төңірегіндегі экологиялық апатқа ұшыраған аймақтың өзі 300 мыңнан астам шаршы шақырымға жеткен көрінеді. Демек, қазақ жерінің оннан бірі, яғни Германия аумағына пара-пар бөлігі уланған.

1992 жылғы деректе атом бомбалары жарылыстарының радиациялық әсер аймағында тұратын 1,2 миллион адамның азап шеккені атап көрсетілген. Олардың көбі катерлі ісікке, жүйке ауруларына, тағы басқа да түрлі дертке шалдығып, сәбилердің біразы мүгедек болып туған.

Міне, сондай сорақылықтар ескеріліп, 1991 жылдың 29 тамызында билік пен қоғам қайраткерлерінің орасан күш-жігерінің арқасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылды. Енді биылғы тамызда оның жабылғанына 30 жыл толуына орай «Тәжірибе алаңы» ескерткіш тақтасы ашылып, БҰҰ стипендиаттар сапары мен БАҚ баспасөз турын өткізу жоспарланып отыр. Ал қыркүйекте «Семей сынақ полигоны: ғылыми-техникалық әлеует мұрасы және даму келешегі» атты IX халықаралық конференциясы өткізілмек.

АҚҚҰ ШЫҢП, ҚАЗ ҚОНБАЙТЫН «АТОМ КӨЛІ»

Еске сала кетсек, ядролық жарылыс энергиясын халық шаруа-

шылығы мақсатына пайдалану идеясын ғалым Игорь Курчатов 1951 жылы ұсынған болатын. Содан кейін 1965 жылдың қысында Семейден жүз шақырым жердегі полигонның негізгі су көзі – Шаған және Ашысу өзендерінің құйылысы орнында ядролық жарылыс жүргізілді. Диаметрі 500, тереңдігі 100 метр қазаншұңқыр пайда болған сол жойқын жарылыс Жапонияның Хиросима қаласына



тасталған атом бомбасынан 9 есе қуатты болған деседі ғалымдар. Сұмдық! Оның шындыққа жанасатыны, сынақ полигонының «Балапан» алаңындағы 200 метр тереңдікке салынған жарылғыш зат тонна-тонна тастарды 8 шақырымға дейін ұшырыпты. Осылайша, кеңестік шенеуніктер №7 «Халық шаруашылығы үшін ядролық жарылыстар» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстанның шөлейт даласында жасанды көл жасадық» деп жаһанға жар салған еді. Тіпті, 1966 жылы «Из-

вестия» газетінде «жықын мандағы ауылдардың тұрғындары қолдан жасалған көлде шомылып жатыр» сарынындағы жалған ақпарат жарияланған. Ал оның алдында жергілікті бұқараны ядролық жарылыс шаруашылық мақсатта жүргізіліп жатыр деген сендіріп қойған. Осылайша, ғалымдар Қазақстан жерінде сол сияқты 40-қа жуық көл жасауды көздепті. «Азияның қуаңшылық аймағында осындай су резервуарларын көптеп салып, қар суын жинақтаймыз. Шұңқыр түбіндегі еріген тастар жиналған судың сіңіп кетуіне жол бермейді. Сөйтіп, оған мал суаруға болады», – деген екен. Өйткені жоғары температураның әсерінен шұңқырдың түбіндегі гранит тастар еріп, шыныдай жылтырап жатқан болатын.

Осы бір «Атом көлі» аталып кеткен су қоймасының арнасын құру бойынша жүргізілген құрылыс жұмыстары барысында радиациядан 300 құрылысшының 30 шақтысы ғана тірі қалған көрінеді. Ол туралы сол жігіттердің бірі журналистерге берген сұхбатында айтқан. Шынында да «бейбіт ядролық жарылыс» деген желеумен пайда болған ол қазаншұңқырдың кесірінен бір емес, 11 елді мекеннің аумағы радиоактивті ластануға ұшыраған болатын.

Жоба сәтсіз болса да, Кеңес ғалымдары оған жылдар бойы алып бөрібалық пен тұқы бастаған

Қазір көл жағасында орналасқан елді мекендер жоқ. Айдыңнан аққу ұшып, қаз қонбайды. Тек өтіп бара жатқан туристер ғана тоқтап, қызық үшін мұнтаз балықтарды аулап көруге тырысады екен.

ШАРУАЛАР 100 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР СҰРАҒАН

Белгілі ядрофизик Жанболат Ғырмановтың айтуынша, «Семей полигоны – адамдар тұратын әлемдегі жалғыз сынақ алаңы және онда тек қазақтар мекен етеді. Бейбіт халықтың сынақ аймағында жылдар бойы тұрып жатуы – үлкен проблема». Ал Курчатовтағы Ұлттық ядролық орталықтың мамандары жыл сайын бір жаңалық ашып, полигон аймағының пайдалы екенін дәлелдеуге тырысып бағуда. Еске сала кетсек, орталық ғалымдарының сол жерге көкөніс өсіріп, оның ағаға зиянсыз екенін мәлімдегені бар. Енді полигон аумағына туристерді тартып, тіпті 80 пайыз жерін шаруаларға пайдалануға беріп, кіріс көзі ету керектігін ескертіп отыр. Өйткені олар шетелдік әріптестерімен қойн-қолтық жұмыс істеп, радионуклидтермен ластану деңгейі республикада белгіленген нормадан асыптын жерлерді анықтапты. Ол үшін полигон аумағына радиоактивті қалдықтарды сақтайтын үлкен кешен салу жоспарланған. Осылайша, полигон жерінің бір бөлігін жарамды жағ-

дайға келтіру үшін шамамен 9 миллиард теңгеді қаражат керек екен.

Ғалымдардың айтуынша, Абай ауданының Саржал ауылы төтенше радиациялық аймаққа жатады. Бірақ ол ауылдың шаруа қожалықтары бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағына жылқыларын жайып жүр. Сондықтан олар Үкіметтен полигон жеріне шаруашылық мақсатқа пайдалану үшін 100 мың гектар жер бөліп беруді сұрап отырған көрінеді. Инвестиция тарту жайы да содан кейін сөз бола бастаған. Бірақ қазір

Маңғыстауда мал азығы маңызды мәселеге айналды

Биыл Маңғыстау облысында құрғақшылық салдарынан мал азығы күн тәртібінен түспей тұр. Осы мәселе көптен бері талқыға түсіп, тіпті шаруалар облыста қуаңшылыққа байланысты төтенше жағдай жариялануын сұраған болатын.

Мәдина ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ

Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент шаруаларды жемшөппен қамтамасыз етуді тағы бір алаңдатып отырған мәселе ретінде атап өтті. Президенттің айтуынша, ауа райының қолайсыздығынан және болжам жасау жұмысының тиімсіздігінен ахуал ұшығып кеткен.

– Әкімдіктердің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан дұрыс шешім қабылдана баған. Жүйелі әрі нақты жұмыс атқарылмаған. Соның кесірінен шаруаларымыз тығырыққа тіреліп отыр. Нақты іс-әрекет пен кері байланыс жоқ. Сондықтан фермерлер көмек сұрап, тікелей маған өтініш айтып жатыр. Әрине, қуаңшылық – табиғи жағдай. Мұны жақсы түсінеміз. Дегенмен бұл – мәселенің бір жағы ғана. Ең алдымен, осындай күрделі кезеңде тиісті министрлік шұғыл және батыл шешімдер қабылдауы қажет еді. Бірақ, министрлік бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра алған жоқ. Сондықтан осы салаға бірден-бір жауапты тұлға ретінде министр Сапархан Амаровтың отставкаға кеткені дұрыс деп есептеймін, – делі Президент. Жиын барысында Үкімет пен әкімдерге «Бәйтерек»

холдингімен бірлесіп, зиян шеккен фермерлерге қолдау көрсету үшін шұғыл түрде кешенді шаралар әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

Еле-шала Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы қызметіне тағайындалған Ербол Қарашөкеев жақында аймақтағы жағдаймен жіті танысу үшін облысқа екі күндік жұмыс сапарымен келді. Министрдің м.а бірқатар ауданның мал өсірушілерімен, шаруа қожалық басшыларымен және кәсіпкерлермен кездесті. Жергілікті деңгейде азықпен қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралармен танысты. Осы орайда Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Тұрымов министр м.а Ербол Қарашөкеевке ауыл шаруашылығы дамытуға қатысты бірқатар ұсыныс жолдады. Біріншіден, Маңғыстау өңірінде төрт түлкіті өсіруге қатысты кешенді ғылыми-сараптау жұмысын жүргізіп беруді сұрады. Екіншіден, жемшөп тасымалының шығынын жабу үшін субсидия бөлуді қарастыруды айтты. Өйткені қазір еліміздің өзге облыстарында бір орам шөптің бағасы бес мың теңге, бұл Маңғыстауға жеткізілгенше жол шығыны қосылып, бір орам шөптің бағасы 15 мың теңге болады. Әкім бұл жағдайдың шаруалардың қалтасына үлкен салмақ болып отырғанын тілге тиек етті. Сонымен қатар аймақ басшысы ми-



нистрліктен шаруалардың құдыққа суға кеткен шығынының 80 пайызын субсидиялау қажетін айтты.

ӨЗГЕ ӨНІРЛЕРМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Облыста қалыптасқан қиын жағдайды шешу үшін бірқатар шаралар атқарылып жатыр. Қазір мал азығы үшін қолжетімді бағада жемшөп жеткізу үшін Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарымен жұмыстар жүргізілді. «Өңірімізге жақыны Ақтөбе облысы болғандықтан жергілікті деңгейде, 1-4 маусым күні Маңғыстау облысынан арнайы жұмыс тобы құрылып, жемшөп, шабындық және жайылым мәселесін шешу барысында Ақтөбе облысына іссапармен барып екі облыс арасында меморандумға қол қойылып, екі облыс аудандары арасында келісімдер жүргізілді», – делі облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Серік Қалдығұл. Мысалы, Ақтөбе облысының Байғанин, Алға, Темір және Қобда аудандарынан 100 мың га жуық

әртүрлі балықтар мен жәндіктер жіберіп әлектенді. Алайда олардың 90 пайызы бірден қырылып қалған. Тірі қалғандары мутацияға ұшырап, ұзындығы 2 метрден асқан сазандар жыртқыш балыққа айналдып кетті. Қазір бұнда ғалымдар көлде әлі де тірі организмдер тіршілік ететінін мәлімдеп отыр. Бірақ әзір ондағы балықтар мен құстардың азғасы зерттелмеген. Тек Ұлттық ядролық орталығы тарапынан «Атом көлінің» суын ішу және онда шомылу адамға радиациялық қауіп төндіретіні ғана айтылады.

жарамды жағдайға келтіру үшін шамамен 9 миллиард теңгеді қаражат керек екен.

Ғалымдардың айтуынша, Абай ауданының Саржал ауылы төтенше радиациялық аймаққа жатады. Бірақ ол ауылдың шаруа қожалықтары бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағына жылқыларын жайып жүр. Сондықтан олар Үкіметтен полигон жеріне шаруашылық мақсатқа пайдалану үшін 100 мың гектар жер бөліп беруді сұрап отырған көрінеді. Инвестиция тарту жайы да содан кейін сөз бола бастаған. Бірақ қазір

жарамды жағдайға келтіру үшін шамамен 9 миллиард теңгеді қаражат керек екен.

Ғалымдардың айтуынша, Абай ауданының Саржал ауылы төтенше радиациялық аймаққа жатады. Бірақ ол ауылдың шаруа қожалықтары бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағына жылқыларын жайып жүр. Сондықтан олар Үкіметтен полигон жеріне шаруашылық мақсатқа пайдалану үшін 100 мың гектар жер бөліп беруді сұрап отырған көрінеді. Инвестиция тарту жайы да содан кейін сөз бола бастаған. Бірақ қазір

КӘСІПКЕРЛЕР ДЕ КӨМЕККЕ КЕЛДІ

Аймақта жыл басынан бері он шөп шабушы бригада 424 тоннадай шөп шапты. Өңірде қа-

ғалымдардың пікірі екіге жарылып тұр. Мысалы, сол Ұлттық ядролық орталығына қарасты Радиациялық қауіпсіздік институтының бұрынғы директоры, 40 жылдан астам еңбек өтілі бар эколог әрі метеоролог, радиациялық қауіпсіздік пен метеорология саласындағы білікті маман Лариса Птицкаяның айтуынша, полигон аумағындағы жерді қалпына келтіру іс жүзінде мүмкін емес. Оны ойдағыдай жүргізу үшін бір мезгілде 2 миллион гектар жердің үстіңгі қабатының шамамен 25 сантиметрін сыпырып, жерге көміп тастау керек. Сондай-ақ химия ғылымының докторы Қорлан Әбсәліқова: «Егер плутонийдің бір бөлігі адам ағзасына түссе, сүйек тінінде 80 жыл, бауырда 40 жыл өмір сүреді екен. Барлық тірі жасушаны өлтіріп, олардың табиғи қасиетін жойып, бұзуға әкеліп соғады. Ал осындай деректерге анық көл жеткізе отырып, сол аймақтарды қалайша халықтың қолданысына береміз?! Семей халқы оның зардабын әлі тартып отыр. Сондықтан ол елдегі полигон аймақтарына инвестиция салуға мүлде қарсымын», – дейді. Кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігін басқарған ғалым Ақылбек Күрішбаев та: «Бұл табиғатқа келтірілген залалдың зардаптарын бізден кейін болашақ ұрпақ та жүздеген ғасыр бойы тартуы мүмкін. Әзірге бұл жерлер ешқандай ауыл шаруашылығына жарамды», – деп отыр.

Мамандар пікірі ескеріліп, енді Семей полигоны туралы арнайы заң қабылданып болды. Құжат қазір Мәжіліс қарауында жатыр. Ол қабылдана, полигон аумақтарын қоршау, күзету, бейбіт мақсатта пайдалану сияқты кешенді жоспарлар жүзеге асырылмек. Ал Ұлттық ядролық орталық мамандары 13 жылдан бері жүргізіп келе жатқан зерттеу жұмыстарын аяқтауға жақын. Зерттеуде жалпы ауданы 18 311 шаршы шақырым, яғни аумақтың 100 пайызы болатын жер қамтылған. Бұл олардың ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына жасаған тартуы болмақ.

Негізінде «Бұрынғы Семей сынақ полигонының ластанған жерлерін оңалту» бағдарламасының іс-шаралары полигон жерін толығымен ауыл шаруашылығы аймағына қайтаруды қарастырмайды. Ол тек ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарды қоршаған ортаны сауықтыруға бағытталған. Бұл ретте тазартылған бірқатар жерлерді тек өнеркәсіп, көлік, байланыс және космонавтика қажеттіліктері үшін ғана пайдалануға рұқсат етілмек. Мысалы, қазір жер астында ядролық жарылыстар жүргізілген «Балапан» алаңында Қаражыра көмір кен орны игеріліп жатыр. Ол отынды ШҚО-дағы жылу-электр орталықтарының басым көпшілігі тұтынады.

Оқушылар мектеп партасына қайта отыра ма?



Пандемия білім сапасына кері әсерін тигізді. Мұны ата-аналар да, мұғалімдер де мойындап отыр. Қашықтан оқу кезінде ауылдың жағдайы тіптен қиын болды. Интернет іздеп, тау-тасты жағалап кеткендер қаншама?! Мұның бәрі сауатсыздыққа, білім деңгейінің төмендеуіне алып келгені жасырын емес. Алайда індет тоқтаған жоқ. Құрған-күнге өршіп барады. Мектепке баратын да күн алыс емес. Шілде-тамыз зуылдап өте шығады. Қыркүйекте оқушылар мектепке жинала ала ма? Көпті мазалаған сауал — осы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында пандемия білім сапасына кері әсерін тигізгенін айтып, өткен оқу жылындағы кемшіліктердің орнын толтырып, жана оқу жылында көштен қалып қоймау керекін айтқан еді.

«Мұның бірден-бір жолы — оқытудың бұрынғы форматына көшу. Үкіметке жана оқу жылында оқушылар мен студенттердің дәстүрлі оқу жүйесіне оралуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Коронавирустың жана штамдары пайда болып жатқан кезде бұл міндетті орындау оңай емес екенін түсінемін. Сол себепті оқушылар мен мұғалімдерді барына қорғайтын кешенді тәсіл әзірлеу қажет» деген еді Мемлекет басшысы.

Ата-аналар балаларын мектепке оқуға қарсы емес. Бірақ ол үшін барына санитарлық талаптар ескерілуі қажет. Биыл кезекті сыныптардың өзіне көп бала жинала қойған жоқ. Соның өзінде ата-аналардың дені балаларының вирус жұқтырып алуынан қауіптенген еді. Оларды аландататын да осы дүние.

Нұр-Сұлтан қаласындағы №90 гимназияның директоры Аятжан Ахметжанұлы оқушылардың дәстүрлі оқу форматына көшкеніне қарсы емес. «Жалпы, карантин өткен жылы тамыздан кейін білім саласында ғана болды. Балалар мектепке бармаса да, басқа жерде жүр. Есік алды толған бала, қосымша білім беру нысандары толған бала, ойын алаңдары толы бала, дәл қазіргі кезде бассейні, көлдің бәрінде бала-шаға толып жүр. Сонда бала мектепке келіп білім алса ғана вирус жұғу қаупі бар ма? Карантин болса, барлық салада болса түсінуге болады. Ал тек студенттер мен оқушыларға шектеу қою тым ақылға сыймайды. Екіншіден, бұлтыр Еуропа мемлекеттері де, АҚШ-та да толық офлайн білім берді», — дейді. Сондықтан жұртшылық қарсы болса да, санитарлық талапты сақтай отырып, офлайн білім алуға көшу керек деген пікірді алға тартады.

«Біздің білім керек емес, жұрт өткен жылы кезекші сыныпқа баламды мектепке апаратын адам жоқ, онлайн оқи берсін деп апармай қойды. Тандау қойса, білім аза береді. Үшіншіден, кез келген баланың әке-шешесі жұмыста, қоғамдық ортада жүр. Балалар да есік алдында топырлап жүр, өзгелермен қарым-қатынас бар. Сонда мектепке баруға шектеу салу — ақымақтық болып сезілмей ме?», — дейді Аятжан Ахметжанұлы.

Ал білікті ұстаз Әмір Шыныбекұлы ата-аналардың балаларын мектепке жіберетініне сенімді болып отыр. «Мектеп ашылса, ата-аналардың балаларынан шаршаған бір бөлігі пандемияға қарамастан мектепке жібереді. Баласының денсаулығына көрі, құлақтарының тыныштығын көбірек ойлайтын ата-аналар баршылық», — дейді ұстаз.

Жандар Бекұлы — бес баланың әкесі. Ол балалары індет жұқтырып алмаса деп

уайымдайды. «Егер мұғалімдер де, ата-аналар да вакцина салдырып, санитарлық талаптарды көбірек сақтаса, баламыздың денсаулығына алдамас едік. Қазір вакцина салдырғысы келмейтін ата-аналар бар. Қазір коронавирустың жаңа штамдары пайда болып жатыр. Тіпті, үнді штамы тез таралатыны туралы әңгіме көп. Біз дертті ауыздықтай алмасак, балаларға жұқпасына кім кепілдік бере алады? Сондықтан мектепке баруға ата-ана да, мұғалім де, оқушы да дайын болуы керек. Әйтпесе, пандемияның білім сапасына кері әсерін тигізіп жатқанын біз де сезіп отырмыз», — дейді.

Керісінше, баласының мектепке оқығанын қалайтын ата-аналар бар. Мәселен, төрт баланың анасы Айнуір Қалдыбекқызы: «Балаларым өткен оқу жылында оқығанының бәрін ұмытып қалды. Карантин кезінде үйге бір компьютер берілген. Соған таласып-тармасып, жөнді оқи алмады. Сатып алуға жағдай көтермейді. Пәтер жалдап тұратын ата-аналар үшін тіптен қиын. Бастауыш сынып балаларына қарағанда, үлкендердің санитарлық талаптарды сақтауға жауапкершілігі бар. Бүйте беретін болса, балалардың сауатсыз болатын түрі бар» деп қамығады.

Махаббат Әлімбаева үш баласының болашағына алаңдайды. «Төртінші сыныпта білімді WhatsApp желісі арқылы оқыдық. Мұғалімдер үй тапсырмасын жазып береді. Кейде көп хабарламаның ішінен тапсырманы таппай қаламыз. Оның үстіне интернет те дұрыс істемейді. Тақырыпты дұрыс түсінбеген сон, үй тапсырмасын да дұрыс орындай алмай қаламыз», — дейді.

Білім және ғылым министрлігіне осы мәселеге байланысты сауал қойғанымызда, олар: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында штаттық форматта дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Білім және ғылым министрлігі оқу жылының басталуына дайындық бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеуде. Бұл ретте балабақшалар мен мектептерде санитарлық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге ерекше назар аударылады» деп жауап берді.

Еуропаның көптеген елдерінде барлық санитарлық талапты сақтап, балалар мектепке оқыды. Мұғалімдер 10 күн сайын медициналық тексеруден өтіп тұрды. Жапония да қауіпсіздік шараларын сақтап, оқушылар мектепке білім алды. Канада мен АҚШ-та да оқу жылы дәстүрлі форматта өтті. Оған ата-аналардың балаларының өткен оқу жылында білім деңгейінің төмендегенін, үйде отырып оқытуға мүмкіндігі мен уақытының жоқтығын айтып шағымданғаны себеп болыпты. Францияда да оқу қалыпты дәстүрде өтті. Олар санитарлық-эпидемиологиялық талапты қатаң ұстанған. Испанияда да мектеп қалыпты дәстүрлі форматта оқыды. Демек, бізде де санитарлық талап қатаң сақталса, дәстүрлі форматта оқуға мүмкіндік бар.

Айым БЕКТҮР

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының 2021 жылғы 2 тоқсандағы жұмыс қорытындысы туралы

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес сыртқы мемлекеттік аудит органы ретінде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының негізгі мақсаты — халықтың өмір сүру сапасының өсуін және қаржы ресурстарын басқарудың тиімділігі мен заңдылығын арттыру және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жүктелген функциялар мен міндеттерді іске асыру сайтта орналастырылған осы жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің Тізбесі негізінде жүзеге асырылады www.rkastana.gov.kz.

Тексеру комиссиясы 2021 жылдың 2 тоқсанында аудиторлық іс-шара бойынша 6 отырыс өткізді, онда 15 нысан қаралды, оның ішінде мемлекеттік органдар мен мекемелерде — 13; квазимемлекеттік сектор объектілері — 2.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 1 102 306,7 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

1) қаржылық бұзушылықтар — 1 082 580,5 млн теңге, олар бюджетке өтелуі тиіс және/немесе құжаттарды сәйкестікке келтіру және/немесе жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтірілуі тиіс;

2) тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының бұзылуы — 208,6 млн теңге;

3) тиімсіз жоспарлаудың салдарынан бұзылуы — 19 517,6 млн теңге.

Бұдан басқа, аудит нысандары қызметінде 335 рәсімдеу тәртібін бұзылуы және 120 жүйелі кемшілік анықталды.

Бүгінде қаржылық бұзушылықтардан өтелуі тиіс 682,9 млн теңгенің 87,1 млн теңгесі (12,7%) өтелді, 1 081 897,6 млн теңгенің 9 473,9 млн теңгесі (0,9%) қалпына келтірілді.

Есепті кезінде жүргізілген аудиторлық іс-шаралар тұтастай алғанда бюджетті жоспарлау кезінде бюджеттік өтімдерде қамтылған есептердің толықтығы мен дұрыстығы қамтамасыз етілмеуінен жүйелі кемшіліктердің орын алғанын көрсетті және осының салдарынан бюджет жүйесінің негізділігі мен тиімділігі қағидаттарының бұзылуына алып келген. Мысалы, Алматы, Байқоңыр, Есіл, Сарыарқа аудандары әкімдерінің аппараттарында олардың балансында жоқ нысандарды (көше және саябақ жарықтарын, жарық тіректерін, көшелерді, скверлерді және ауданның кварталішілік аумақтарын ұстау) қамтуға және оларға қызмет көрсетуге 13 353,7 млн теңге сомасында бюджеттік шығын жоспарланған.

Сондай-ақ аудит объектілеріндегі елеулі бұзушылықтарға мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын орындау кезіндегі көптеген бұзушылықтар жатады, атап айтқанда өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тандау уақытында қабылдау, техникалық сипаттамаларда көрсетілгендерден орындалған жұмыстар көлемінің асып кетуі, жылдың бірінші айы ішінде шарттар жасасу жөніндегі мерзімдердің бұзылуы, мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізбей, шарттарды негізсіз жасасу және тағы басқа жатады.

Сонымен бірге бюджеттік бағдарламалар бойынша жүргізілетін операциялардың бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте дұрыстығы мен нақтылығын көрсетілуін тексеру барысында бұзушылықтар анықталды. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖК МКК «Қалалық жедел медициналық жәрдем стансасы» ғимараттар мен үй-жайларға ағымдағы жөндеу жүргізу кезінде пайдалану мен есептен шығару кезінде шикізат пен материалдардың тиісті есебі жүргізілмеген, сондай-ақ материалдық құралдарды есептен шығару жөнінде қолданылатын рәсімдеу операцияларының талаптары сақталмаған.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы тарапынан тұңғыш рет 2020 жылға арналған жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізілгенін атап өткен жөн, ол Қаржы басқармасы мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілігін толтыру қызметі елеулі және жалпыға бірдей бұрмалаулар мен анықталмаған көріністерге алып келген бұзушылықтар және кемшіліктермен жүзеге асырылатынын көрсетті. Сонымен бірге ішкі бақылау құралдарының төмен деңгейі және тиісінше Қаржы басқармасында да, басқа бюджеттік бағдарлама әкімшілерінде де (көлік, активтер, энергетика, денешынықтыру және спорт басқармалары) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің анық көрсетілмеуінің жоғары қауіптерін анықтады.

Аудиторлық іс-шаралар туралы неғұрлым толық ақпаратты Тексеру комиссиясының ресми

сайттында www.rkastana.gov.kz танысуға болады.

Аудиторлық іс-шаралар барысында анықталған бұзушылықтар бойынша 2021 жылғы 2 тоқсан ішіндегі тексеру нысандарын тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін сот және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл шаралары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар бойынша 39 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Үкілетті және сот органдарының қарауы мен шешім қабылдауы үшін 42 факті бойынша материалдар жолданды, оларды қарау нәтижелері бойынша:

— 39 факті бойынша 4 995,5 мың теңге айыппұл салынған заңды тұлғалар мен лауазымды тұлғалар тартылды;

— 2 факт бойынша әкімшілік іс жүргізу қарау сатысында;

— 1 факт бойынша әкімшілік іс қозғаудан бас тартылды. Сонымен қатар есепті кезеңде Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне, жергілікті атқарушы органдарға және аудит объектілеріне, олардың жұмысынан анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі 20 ұсыным мен 60 тапсырма жіберілді.

Осы жылы Тексеру комиссиясы жүктелген өкілеттіктер шеңберінде бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасы нормалары бұзылуының алдын алу және оларды азайту мақсатындағы жұмысын әрі қарай жалғастыратын болады.


«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ

Дәрігер қателігін дәлелдеу қиын

(Басы 1-бетте)

Медицина қызметкерлері өздерінің жіберген қателіктерін жасыру үшін түрлі айла-әрекетке барып, ақыр соңында өзімізді өтірік алап, басқа ауруханадан бір-ақ шығарды. Гинекология бөлімінің меңгерушісінен бастап медбикелерге дейін бірге ауыз жаласып, хал үстінде жатқанымыз жағдайымыз білуге жарамады. Керісінше, перзентхананың бас дәрігері, қазір қайтыс болып кеткен Иван Лидін өзі келіп, ауыр жағдайда жатқан менен кешірім сұрағаннан кейін ғана сең қозғалды. Акушер-гинекологтердің атын естісем, әлі күнге дейін қорқамын. Күйзеліске түскенім соншалық, жас босанған аналарды көрсем, басымнан өткен

тып бару керек. «Дәрігерлердің қателік жібермеуіне кепілдік жоқ» дегенді медицина мамандары көп айтады. Ол мүлде басқа. Науқасты отаға кіргізер алдында туыстарына: «Қазір ота жасаймыз, бірақ ешқандай кепілдік бермейміз» деп ескертті. Олар да Құдай емес қой. Ол мүлде басқа. Мысалы, менің қорғымдағы Жалмұратова деген жанадан босанған әйел жекеменшік емханада ота жасатқан. Ол жердегілер өздерінің ісін мойындамай «Жалмұратова бізден кейін басқа жерге баруы мүмкін» деп, бет бұрмай отыр. Полиция қызметкерлері осы іске жүрдім-бардым қарады. Жекеменшік емхана әлі жабылмаған. Оны жаптырғанмен, ертең тағы басқа атпен ашып алу оңай тірлік. Янушайте деген



ауыр күндерім көз алдыма келеді. Себебі олардың қателігінен үш рет пышақтың астына түстім», — дейді.

Бір жасында денесінің 20 пайызын күйік шалған Мерейдің анасы Меруерт баласының басынан өткен күнін күндерін дұшпанына да тілемейтін тілге тиек етті. «Қызым бір жасқа толмаған кезде қайнап тұрған шәуілдімі суға күйіп қалды. Жедел жәрдеммен Кеген аудандық ауруханаға түстік. Ол жердегі дәрігерлер күн бойы жақпаймайдан басқа ешқандай емдік шара көрсетпеді. Аман жоқ, «ешқандай талабым жоқ» деген қолжазба жазып, қызымды қалаға апарды. Ол жердегі дәрігерлер қызымның күйігін көріп, көздері шарасынан шыға жазды. Алғашқы дәрігерлік көмекті дұрыс жасамайтындықтан, салдарынан ауру өлден асықшып, екі аяғы түгел іріндеп кеткен. Дер кезінде көмек көрсетілгенде ешқандай тыртқы қалмас еді. Сөйтіп, үш ай аурухана төсегінде жатып, бірнеше рет ота жасады. Өзінің терісінен алып, күйік шалған жерге жамалды. Қазір қызымның денесіндегі тыртқыларды көрсем, жанымды қоярға жер таппаймын. Бойы өскен сайын денесі тартылып, ертеңі күні мүгедек болып қала ма деп қорқамын», — дейді көзіне жас алған алматылық Меруерт.

Медицина саласындағы қылмыстарды қылмыссыздандырудың салдарынан дәрігерлер жіберетін қателіктер жиі түзетіле бермейді. Әріптестерінің әрекетінен сабақ алмай қалыпты жағдайға айналып барады. Олардың өз міндетіне жүрдім-бардым қарауына тосқауыл болу үшін дәрігерлер келтірген зиянды өтеудің ашық және тиімді тегіні енгізу қажет. Осылай деп санайтын заң ғылымдарының кандидаты Бақытжан Асқаров: «Әлемдік тәжірибе дәрігер қателігін алдымен тәуелсіз медициналық кеңес қарайды. Медицинада абайсыздық немесе әрекетсіздік жағдай бар. Көмек көрсетпеу немесе тиісті ем-дом жасамағаны үшін жауап беру керек. Наука қомаға түскенде оның өмірін сақтау үшін келісімсіз алып, отаны бастауға тура келетін жағдай бар. Осындай кезде ота жасалмаса, дәрігердің әрекетсіздігі үшін қылмыстық іс қозғалды. Егер ота хаттама бойынша жүргізіліп, науқасты құтқару мүмкін болмаса, бұл қылмыс емес. Дәрігердің ісін қарайтын тергеуші аурудың ерекшеліктерін біле алмайды. Өйткені ол дәрігер емес, істі қарайтын судья да дәрігер емес. Сол үшін шетелдегі медициналық қателіктерді тексеруге тәуелсіз медициналық комиссияларды тарту тәсілін қолдану қажет», — дейді.

Дәрігерлердің қателігін дәлелдеу қиын. Кейде дәлелденген қылмыстардың өзі сотқа жетпейді. Адвокат Айман Омарова осылай деп отыр. «Біріншіден, мұндай істерді тергеу ұзаққа созылады. Өйткені тергеушілердің медициналық білімі төмен. Екіншіден, медициналық қателік бойынша тергелетін істердің көбі сот-сараптама-сына тәуелді. Ал сот сараптамасын жасайтындардың барлығы медицина мамандары екенін ескерсек, ондай жерде ұжымдық ынтымақтастық басым болып кетеді. Олар жабылып жатып, түзуді қисық, қисықты түзу етуге тырысады. Үшінші, медицинаның кесірінен зардап шеккендер «болары болды, бояуы сінді» деген қазақы түсінікпен қалып қойғандар. Қателігі үшін жан алдында жауапқа тартылмаса, дәрігерге бару қауіпті бола түседі. Болмаса, қалтаңды компай-

бүлдіршім қыздың ісін қарап жатырмын. Мектепке баратын кезде комиссия дені сау деп береді де, қайтыс болып кеткен соң қызда «лейкемия» деген диагноз барын айтқан. Ота жасаларда ешқандай анализ қорытындысы шығарылмаған. Қазіргі жағдайда денсаулыққа жауапты ведомство жекеменшік емханалар емес, мемлекеттік мекемелердегі жүгенсіздікке бас ауырттып жатқан жоқ. Адамның өмірі ойыншық болып жатыр. Оны біліктігерлер жақсы біледі. Өздері шетелге барып босанып алады, сол жақта емделеді. Болмаса, елдегі қымбат ақылы емханаларда ем-дом алады. Ал өзміздегі дәрігерлердің салғырттығынан сал болып, өліп жатқандарың барлығы қарапайым халық. Шетелдегі әріптестерімнен естігенім, ол жақтағы медициналық қызметтің сапасы өте жоғары. Жауапкершілікке тарту да қатал. Соның жылдары медицина қызметкерлерінің қателігінен зардап шеккендердің ісі көп келетін болды. Өйткені өзге елдермен салыстырғанда заңымыз солқылдақ», — дейді Айман Омарова.

Технологиясы көш ілгері кеткен АҚШ пен дәрігерлерінің біліктілігі оқ бойы озық саналатын Еуропаның өзінде ақ халаттылардың кесірінен ажал құшатындар көп. Мәселен, АҚШ-та медицина мамандары тарапынан кететін қателіктер 3-4% құрайды. Бұл елде әр 15 минут сайын медицина қызметкерлерінің қателігінен бес адам қайтыс болады. Ұлыбританияда бұл көрсеткіш 5% құрайды. Тұманды Альбиондағы медициналық қателіктердің салдарынан жыл сайын 70 мыңға жуық адам қайтыс болса, Франция мен Испанияда дәрігерлердің немқұрайлық құрбандарының саны 5 мыңға жуықтаған. Ал Италияда жыл сайын 90 мыңға жуық науқас медициналық қателіктерден зардап шегеді екен.

Медицинада өзге елдермен салыстырғанда бірнеше есе артық өрі тәртіпті алдыңғы қатарға қоятын Германияда жыл сайын 100 мыңға жуық науқас дәрігерлердің біліксіздігінен құрбан болады. Алайда бұл елдегі дәрігерлерді жауапкершілікке тартуға қемшіл деуі білдірмейді. Әсіресе, АҚШ пен Германияда медициналық қателік ұғымына терең мән беріліп, жауапкершілікке тартуда арнайы комиссия жұмыс істейді. Егер дәрігердің қателігі дәлелденсе, айыппұл төлетуден бастап бірнеше жылға бас бостандығынан айыру жазасы беріледі. Сондай-ақ өмір бойына медицина саласында қызмет етуіне тыйым салыды.

Бізде де медициналық қателік жібергендер әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Дегенмен дертіне дауа тапқандардан гөрі «дәрігерлердің салғырттығынан» деген тіркес жүйі айтылады. Адам өмірін Алладан кейін араша болатын дәрігерлердің жауапкершілігін арттыру үшін жапондардың тәсілін қолданған дұрыс па дейсін. Бұл елдегі дәрігерлерді жіберген қателіктері үшін абақтыдан бұрын, БАҚ беттерінде аты-жөнін көрсетіп, абыройын айрандай қылады екен. Жұрттың алдында масқарасы шыққан маманның кәсіптік қызметіне нүкте қойылады. Жапондардың жазалау тәсілін енгізу үшін адвокат айтқан үш мәселе шешімін тапса, құба-құп.

Жадыра МҮСІЛІМ

Жұмыссыздар армиясы 450 мыңнан асты



Коронавирус індеті әлем елдерін жорға жүрісінен жаңылдырып, әбден абдыратып тастады. Ол жұмыссыздықты көбейтіп, халықтың әл-ахуалын төмендетті. Екі жылдан астам уақыт өткеннен кейін осы нәубетпен қай мемлекеттің қалай күресіп жатқанын салыстырулар арқылы көруге болады. Қазақстан ше? Біздің ел жұмыссыздықпен күресіп жатыр ма?

Дәулет АСАУ

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ИЕКТЕП БАРАДЫ

2021 жылдың бес айының көрсеткіші бойынша, ЕАЭО елдерімен салыстырғанда ең үлкен жұмыссыздық қарқыны Қазақстанда байқалған. Осы уақыт ішінде экономикалық одаққа қатысушы еріптестердің құзырлы органдарында тіркелген жұмыссыздық көрсеткіші орташа есеппен 30%-ға төмендегенде, біздің елде ол керісінше 38%-ға ұлғайған. Бұл ақпарат Еуразия экономикалық комиссиясының сайтында жарияланды. Осы деректерге сүйенсек, бірнеше мемлекеттерде соғыс қимылдарын жүргізіп, соның кесірінен өркениет әлемнің қиын

санкциялық қыспағында қалған Ресейдің өзінде еңбекпен қамту органдарында жұмыссыздық жөнінде тіркелгендер саны бытырғы мерзіммен салыстырғанда 1,3 млн (37%-ға кем) адамға кеміген. Беларусьта ресми жұмыссыз ретінде 8,5 мың адам ғана тіркелген. Бұл бытырғы мөлшерден 17%-ға аз. Қырғызстан мен Арменияда жұмыссыздан саны сәйкесінше 3,5% және 2% өскен.

ҚР Ұлттық статистика агенттігі бюросының сайтында Қазақстандағы жұмыссыздар саны 451,3 мың деп көрсетілген. Яғни, жұмыссыздық деңгейі 4,9% құраған. Алайда, еңбекпен қамту органдарында олардың тек жартысы ғана – 215 мың адам (2,3%) тіркелген.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) дерегінше, 2022 жылы әлемде жұмыссыздар саны 205 млн адамға жетпек. Сонымен қатар, қазіргі кезде жұмыс істеп жүрген 100 млн адам кедейшілік шегінде өмір сүріп жатыр. «Әлем елдерінде індет жағдайына байланысты еңбекпен қамтудың төмендігі және жұмыс уақытының шектелуі себебінен адамдардың табысы кеміп, кедейшілік артып барды» делінген ХЕҰ таратқан ақпаратта.

Сарапшылардың бұған дейін еңбекпен қамту ісі жылдың екінші жартысынан бастап онала бастайды деген жорамал жасаған, бірақ індеттің қайта ушығуына байланысты бірқатар қалаларда, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласында карантин режимінің күшейтілуіне орай бұл жорамал өзгеріске жетуге асық қалатын түрі бар. Сондай-ақ халықаралық эпидемиологиялық жағдайда да біртекті емес, кейбір дамуы орташа және кедей мемлекеттерде вакцина тапшылығы айқын сезіледі. Бұл жайттар әлемнің сауығуына кесірін тигізіп отыр.

КАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ ДАМУДЫ

ХЕҰ-ның дерегінше, әлемде еңбекпен қамтылған әрбір бесінші адам қашықтан қызмет көрсетеді екен. Осы үрдіс біздің елімізде де кең белен алып келеді. Қазақстанда 2021 жылдың 1-тоқсанында 73,7 мың адамның қашықтықтан жұмыс істеп жүргені мәлім болды. Олардың 70,2%-ы – әйел азаматшалар. Соның арқасында еркін экономикалық қатынастар күрт қарқын ала бастады, қызметкерлер бір орында байланып отырып жұмыс істемейтін жағдайға жетті. Мұндай еңбек режимі бір жағынан жұмыс берушінің де, жұмыс іздеушінің де мүмкіндігін арттыра түсті. Жұмыс берушілер өзіне қажетті қызметкерлерді басқа өңірлерден, тіпті интернет желісі қосылған шалғай ауылдардан да таңдап ала алатын болды, өз кезегінде ізденушілер көңілі қалаған қызметін қашықтықтан атқаруға, тіпті шамасы жетсе, екі-үш мекемелерде қатар еңбектенуге қол жеткізді.

Қалыптасқан жағдайды, әсіресе ауылдық жерлердегі мамандар ұтымды пайдаланып жатқанға ұқсайды. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ сарапшыларының дерегінше, қашықтан жұмыс істейтін қазақстандықтардың әрбір үшіншісі ауыл тұрғындары көрінеді. Әлбетте, қашықтан еңбектену үшін тиісінше коммуникация қажет. Алайда жұмыс берушілердің тек 15% ғана қызметкерлерін байланыс құралдарымен қамтамасыз еткен, еңбек етіп жүргендердің қалғандары өз құрал-мүліктерінің арқасында ғана тауып отыр.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, кейбір қызмет көрсету секторын дамытуға және әйел адамдардың еңбекпен көптеп қамтылуына нақосы қашықтықтан жұмыс істеу формасы онтайлы әсер еткен. Дегенмен, үйден жұмыс істеудің көзге ұрып тұрған тиімді жақтары бірталай болғанымен, ол адамның жұмыс уақытын бұрынғы үйреншікті жағдайдан гөрі созып жіберетіні және жеке

өмір мен кәсібі міндеттің аражігін араластырып жіберетіндігі анық. Қалай болғанда да, қазіргі жағдайда еңбектенуді осы режимі барлық елдерде қарқынды қалыптасып барады.

Қазақстанның еңбек нарығына індеттің тағы бір айқын әсері – уақытша жұмыс істемейтіндердің қатарының күрт артуы. Олар бір қарағанда жұмыстан ресми түрде шығарылмаған, бірақ нақты еңбекке де жегілмеген. Биылғы жылдың 1-тоқсанында мұндай «қызметкерлердің» саны 139,6 мың адамға жеткен. Ол өткен жылдың 4-тоқсанымен салыстырғанда 5%-ге аз немесе 7,1 мың адамға кеміді.

Сарапшылар қазіргі кезде республикада қызмет көрсету секторында еңбек ахуалы ақырындап оңалып келе жатқанымен, ауыл шаруашылығы, құрылыс, өнер және ойын-сауық, қаржы мен сақтандыру салаларында қысқартулардың толас таппай тұрғанынан қауіптенеді. Бүгінгі өзінде бұл кәсіптен көптеген білікті мамандар кетіп қалған. Ал оның жұмыссыз салдары уақыт өте қатты білінетіні кімге болса да аян.

ӨНІРЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ ОЙДАҒЫДАЙ ЕМЕС

Жұмыссыздық әсіресе еліміздің оңтүстік аумақтарында – Алматы және Түркістан облыстарында 5,2%-дан жоғары. Оның көрсеткіші Шымкент қаласында – 5,1%. Жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейі: Нұр-Сұлтан қаласы – 4,6% мен Қарағанды облысында – 4,5%.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ұлттық статистика агенттігі бюросы келтірген деректе елдегі нақты жұмыссыздар саны 451,3 мың адамға жеткенімен, еңбекпен қамту органдарында олардың тек жартысына жуығы ғана – 215 мың адам тіркелген. Ресми жұмыссыздар ретінде тіркелгендердің ең көбі – Түркістан (4,6%), Атырау (4,5%) және Батыс Қазақстан (4,4%) облыстарында.

Қандас көшіне тосқауыл көп

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

Дегенмен мұның екі себебі бар тәрізді. Біріншісі, былтыр көктемде пандемия кезеңі басталды. Бұл қандастар көшіне келергі болғаны анық. Екіншісі, атажұртқа оралған ағайындардың ішінде әлі Қазақстан азаматтығын ала алмай жүргендер азаймай отыр. Көші-қон қызметі, Халыққа қызмет көрсету орталығы секілді құзырлы орындардан көнілі қалған ағайын амалсыз қоғамдық ұйымдарға көп жүгініп жатыр.

«Көші-қон туралы» заң тармақтарында қарама-қайшылықтың көп екені жиі айтылады. Жат жердегі қандастарымызды атажұртқа қайтару мемлекеттік саясаттың басым бағыты бола тұра, жағдай мүшкіл секілді. Бәрінен бұрын, олардың жандарына батығын – көбі қазақ бола тұра сонысын дәлелдей алмай әлек болып жүр. Азаматтығы болмаған соң не жұмыс жок, дәрігерге қаралу, білім алу мүмкіндігі жок, қысқасы, құжатын реттей алмай сандалып жүргендерді құқық қорғау органдары да бір жағынан қысымға алатын көрінеді. Негізі, ұлтын растайтын анықтама – қандас мәртебесін де, азаматтық алуға да негіз болатын басты құжат. Дегенмен кейбір елдер куәлікке ұлтын белгілемей, тек тілін ғана жазады. Бұл мәселелер қоғам тарапынан жиі көтерілді. Мәселен, қоғам қайраткері Ауыт Мүкібек көші-қон саясатына түбегейлі реформа қажет екенін талайдан бері айтып жүр. «2019 жылы Мәжілісте осы көші-қонға қатысты заңнама талқыланған кезде жұмыс тобының жетекшісі Кәрібай Мұсылманның атына хат жазып, солардың тізімін апарып беріп, ұсыныс кіргіздім. Ұлтының қазақ екеніне күдік тудырған жағдайда комиссия арқылы шешу мәселесін кіргіздейі, заңдастырайық деп. Жұмыс тобы талқыға салды. Бірақ депутаттар нөманызын түсінбеді ме, соған зауқы сокқан жок, бір-екі тал-

қыдан соң алынып тасталды. Одан бері 2 жыл өтті. Қандастарымыз әлі күнге дейін азаматтық ала алмай келе жатыр», – дейді ол. Демек, қандастарға азаматтық беру ісінде «Көші-қон туралы» заң талаптарын жеңілдету қажет болып отыр.

Айтпақшы, қандас атанып, дегенмен азаматтыққа қолы жетпей жүрген жандардың мәселесімен «Отандастар қоры» айналысады. Олардың арыз-шағымын қарайды. Қазір қанша ағайынның құжатқа қолы жетпей жүргені жайлы нақты дерек жок. Әйтеуір жыл басында жаңағы «Отандастар қоры» қандастардан келетін шағымның көп екенін мәлім етті. Мысалы, тек қана 2019 жылдың өзінде 11 мыңға жуық өтініш түскен. Кейбіреуін шешіп жатқан көрінеді. Бірақ барлығын қамтымағанын көріп отырмыз. Биылдан бастап Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бастамасымен тиісті заңнамаларға өзгеріс енгізуге тырысып жатқан қор, азаматтық алу үшін қандастар жинауға тиіс 46 құжатты 26-ға дейін азайтқанын жариялады. Дегенмен қағазбастылық әлі де бар сияқты. Оны азаматтыққа қолы жетпей жүрген ағайындармен тілдескенде байқайды.

АҒАЙЫННЫҢ БАЗЫНАСЫ КӨП

Гүлайна Айдарова өзбек жерінен атажұрты Қазақстанға 2003 жылы көшіп келген. Одан бері тұрмыс құрған, қазір 3 баласы бар. Алматы қаласында тұрады. Бірақ осы 18 жылдан бері азаматтық ала алмай келеді. Азаматтық түгелі қандас мәртебесіне де қолы жетпеген. Осылай не Өзбекстан азаматы емес, не тарихи Отанының азаматы емес, екі ортада төлқұжатыз жүрген жайы бар. Күйбен тірлік пен бала тәрбиесінен қолы босамайтынын айтқан ол елімізде азаматтық алуың қағазбастылыққа толы бейнет екенін жеткізді.

– Азаматтық ала алмай, төлқұжатыз жүргеніме 18 жылдан асып барды. Халыққа қызмет көрсету орталығына барамын.

Алдыма әзірлеуім тиіс 32 түрлі құжаттың тізімін берді. Ресми тілді білмеген соң қазақша нұсқасын сұрамағам, үнемі орысша нұсқасын ұсынады. Ал ол құжаттарды дайындау – бейнеттің бейнеті. 1 құжатқа қол жеткізу үшін ұзақ уақыт күту қажет болады. Менің ұлымның қазақ екеніне күмән болса бір жөн. Бірақ қазақ екенім анық көрсетілген нақты құжаттар бар. Жалпы, бауырларымының түгелге жуығы азаматтық алды. Әкемде де бар, – дейді Гүлайна Айдарова.

Кей жерде қандастарға деген қолдаудың өз тарапымыздан да жетіспей жатқанын байқап жүрміз. Сондай оқиғаның бірі – 2020 жылы Мейірбан Көлдібек есімді қандасымыз Алматы қаласы Ақпараттық технологиялық университетіне оқуға түскен екен. Жоғары оқу орнында білім алып жатқан студент ықтиярхатының мерзімі аяқталуға жақын екенін айтады. Екі апта ішінде азаматтығы шықпаса, оқу орны оған айыппұл төлейтінін айтып ескерту жасаған. Тіпті, оқу орасы «Көші-қон полициясына хабарлап, Қазақстаннан депортациялағамыз» деп студенттің зәресін алған көрінеді.

Жыл басында Түрікменстан жерінен Маңғыстау өңіріне 256 қандасымыз оралды. Осы өңірге бұрын Ауғанстаннан да жерлес-теріміз келген. Жалпы, ауған жерінен келген ағайынның елімізде азаматтық алуы өте қиын. Ауғанстанның «тасқира» деп аталатын туу туралы куәлігі бар. Сол куәлікте тегі деген жерде арабша қазақ деп тұрады. Бірақ ол тегі дегенді ұлты деп қабылдай бермейді. Ал тасқирада ұлты көрсетілмейді, тілі қазақ деп қана көрсетіліп тұрады. Қиындығы да сол, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мұндай жағдайда Ұлттық қауіпсіздік комитеті азаматтық беруге келісім бермейтінін жариялаған. Ал елге оралған азаматтардың хәлі әрі қарай не болатыны белгісіз. Осындай қарама-қайшылықтар жол тосып тұрғанда, қандастар жайына қайтадан дұрыстап зер салғанымыз абзал секілді.

Ауыл мәртебесінен арылмаған қалалықтар

Құрылғанына үш жыл болған еліміздегі үшінші мегаполис саналатын Шымкент қаласы күн сайын көркейіп, дамып келе жатыр деп мақтанып жүрміз. Шынтауытына келгенде көркейіп жатқан – қаланың орталығы. Ал қала шетіндегі елді мекендердің тұрғындары әлі күнге дейін ауыл мәртебесінен аса алмай келеді. «Қалалық болғанымызбен, күніміз ауыл тұрғындарынан да нашар», – дейді олар.

Назгүл НАЗАРБЕК

Жақында Абай ауданының әкімі Б.Парманов Ынтымак елді мекенінде болып, жыл басынан бергі атқарылып жұмыстар бойынша халық алдында есеп бермек болған. Жергілікті билік өкілдері қаланың даму барысы, Ынтымактағы қарқынды құрылыс жөнінде сөз қозғады. Жұмыстың ауқымы, қызу тірлік, жұмысшылардың тынымсыз еңбегі туралы да атап өтті.

Алайда елді мекен тұрғындары биліктің есебін тыңдамай айқай-шу шығарды. Ашынған халық айтылып жатқан деректердің барлығы қозбаушылық деп қабылданды. Шенеуніктердің сөзі жиналғандардың одан сайын ашу-ызасын тудырды. «Осы алдап келгендеріңіз жетер. Уәделеріңізге тойды. 10 жылдан асты, әлі күнге дейін алдап келе жатсыздар. Осында біраз күн тұрып көрсеніздер, біздің қалай өмір сүріп жатқанымызды білетін едіңіздер. Сапалы электр энергиясының жоқтығынан желдеткішті де қоса алмай отырмыз. Ауызсуудың да мәселесі шаш етекстен. Қақаған қыстағы азап өз алдына, шілінгір ішлдеде де инфрақұрылымның нашарлығынан зардап шегіп отырмыз», – деп шағымданды тұрғындар.

20 мыңнан астам тұрғыны бар Ынтымак шынында кенже қалып барады. Олар сығырайған электр



қуатын жекеден алады, табиғи газ мүлдем жок.

Ауызсуудың тапшылығы өз алдына бөлек өңгіме. Аптасына бір мәрте ауылға су таситын көлік келеді екен. Әр отбасына 400 литрден таратылатын судың өзіне келіе іліге алмай қалатындар бар. Алып қалғандардың өзі жаздығүні 400 литрді жеткізе алмай, одан қалса, су сақтайтын ылмасты тез бұзылып, құрттап кетіп жатады екен. Сол себепті мұндағылар негізінен 5-10 литрлеп дүкеннен су сатып алуға мәжбүр. Ал ақша үнемдеп, су ала алмай қалған күндері тіптен қиын.

Құралай Байтұрсынова көше басындағы үйінің өртеніп кеткенін айтады. «Өте үлкен үй еді. Өрт шыққанда бір шелек те су таппай қалдық. Көшілерде де су жок екен. Бір сағатқа жуық жанды. Өрт сөндірушілер келгенімен үйді сақтап қала алмады, толығымен жанып кетті», – дейді ол.

Әбден ашынған халық жергілікті билік өкілдерін сөйлетпей тастады. Қағаз жүзінде барлығын да керемет болғанымен, алайда қала тұрғындары әлі де жабықтың, судың, табиғи газдың азайып тартып келе жатқанын бірінен соң бірі жеткізіп жатты. Электр қуатын жекеменшіктен алатын болған соң оның бағасы да жоғары. Одан бөлек, жел үп етсе жарық жалп етіп өшеді. Электр энергиясы әлсіз болғандықтан желдеткішке қуаты жет-

Колданыстағы заңға сәйкес, жұмысын жоғалтқан адамдар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі мен кейінгі 24 айдың табыс мөлшеріне қарай бір айдан алты айға дейін жәрдемдекті ала алады. Оларға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жоғалтқан табыс көлемінің 40%-на дейін өтемақы беріледі.

ҚР Еңбекпен қамту және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегі бойынша, өткен жылы жұмысын жоғалтқан 99,1 мың адамға аталған қордан 15,8 млрд тенге қаржы төленген. Олардың әр адамға шаққандағы орташа мөлшері 2020 жылдың қортындысы бойынша 43 577 тенге болса, 2021 жылдың наурыз айындағы есепте ол 49 748 тенгені құраған. Ал биылғы алғашқы екі айда жұмыссыз қалған қазақстандықтарға 3,3 млрд тенге өтемақы берілген. Оны 37,5 мың адам иеленді. Мұдәлі демеуқаржы 16 534 азаматқа бірінші рет тағайындалған.

Соған қарамастан сарапшылардың болашаққа деген болжамы үміттендіреді. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Болжау департаментінің директоры Дмитрий Шумковтың айтуынша, жылдан жылға жалдамалы жұмысшыларға деген сұраныс арта беруі тиіс. 2021-2025 жылдар аралығында жалдамалы қызметкерлерге деген сұраныс 55,3%-ға (574 мың адам) жетеді. Ал оптимистік сценарий бойынша ол 1,2 млн дейін адамды еңбекпен қамтуға мүмкіндік бермекші.

Жалдамалы қызметкерлерге деген сұраныс білім саласында – 16-18% ауылшаруашылық саласында – 7,6 до 10% және өңдеу өнеркәсібі саласында 9,7-10,2% шамасында қалыптасуы тиіс.

Жалпы, 2025 жылы елімізде 9,3 млн адам еңбекпен қамтылып, оның 7,7 млн-ы жалдамалы жұмысшы болса, 1,2 млн-ын басқа санаттардың өкілдері құрамақ. Ал жұмыссыздық деңгейі 4,7%, яғни 439 мың адам мөлшерінде қала бермек.

ИНТЕРНЕТКЕ БАЙЛАНҒАН ӨМІР

Қазір адамның бәрі компьютер мен түрлі гаджеттерге тәуелді. Сауда-саттықтың да көркін интернет арқылы қыздыру қалыпты жағдайға айналған. Ең қызығы, интернет арқылы алаяқтар да оңай олжа табудың жолына түсті. Киберқылмыскерлердің қулығына құрық бойламай тұр. Онлайн несие де талайға омық жегізіп жүр. Жұртшылықты алаңдатқан бұл мәселенің шешімі бар ма? Көпшілік алаяқтардан қайтсе сақтана алады?

Роза ШӘКЕН

БАСТЫ СЕБЕП – АДАМДАРДЫҢ АШКӨЗДІГІ

Полицейлер тұрғындарды киберқылмыскерлердің қулық-сұмдықтынан сақ болуға қанша шақырғанымен, сан соғып қалып жатқандардың саны көбеймесе, азаярмесе. Тәртіп сақшыларының мәліметінше, интернет-алаяқтықтың ең жиі кездесетін түрі интернет арқылы сауда жасаған кезде алдын ала төлем талап ету. Қылмыскерлер хабарландыру жарияланатын сайттарда құрығына іліктіретін адамдарды іздегісіз, алдын ала төлемді алып алғаннан кейін ізім-ғайым жойылады. Алаяқтар барлық веб-ресурстарға тор құрып қойған: мәселен, Instagram-дағы арнайы топтар, Krysha.kz және Kolesa.kz, OLX.kz сайттары. Осының кез келгенінде алаяқтың құрбанына айналуға болады. Әсіресе, соңғысында жалған хабарландырулар көп кездеседі. Солтүстік Қазақстан облыстық Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция майоры Виталий Подчерниннің мәліметінше, интернет-алаяқтықтың үштен бір бөлігі дәл осы сайтта жасалады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша биыл жыл басынан бері тіркелген 335 деректің 103-і OLX.kz сайты арқылы жасалған.

Мәселен, жуырда зейнет демалысына шығар алдында трактор сатып алмақшы болған петропавлдық OLX.kz сайтынан іздегенін тауып, жерден жеті қоян тапқандай қуанғанымен, көңілі су сепкендей басылды. Өз құрбанымен WhatsApp желесі арқылы сөйлескен жалған «сатушы» тракторды басқа қаладан жеткізу керек екенін желеу етіп, жол шы-

ғындарына 750 мың теңге алдын ала төлем талап еткен. Сұрағанын қалтасына басқан соң, сатып алушымен байланысқа шықпай, ізін суытқан. Бұл – алдаудың ең кен тараған түрі. Көп жағдайда арзанқолда дүниеге қызыққан адамдардың өздерінің ашкөздігі кінәлі. Тиын-тебенін үнемдеу мақсатымен осындай хабарландыруларды шиырлаған жұртшылық алаяқтың ауылы алыс емес екенін бағамдай бермейді.

Бұдан басқа сатушыларға «жеткізіп беру» қызметін ұсыну арқылы да алдап соғатындар бар. Ол үшін сілтеме арқылы өтіп, банк карталарының деректерін енгізу қажет. Сілтеме арқылы ашылған парақшаға енгізілген деректер қылмыскердің қолына түсіп, олар анқау адамдардың есепшотына оңай қол жеткізеді.

Сондықтан әр адам сақтықты ұмытпай, әр хабарландыруды мұқият тексеруі тиіс. Сатушымен беінеқоңырау арқылы сөйлесіп, бет-жүзін көрген абзал. Оған қоса сатылатын тауарды да көрсетіпін талап еткен артық етпейді. Каскөйлер мұндай ұсыныстан бірден бас тартатыны белгілі. Сол кезде секем алып, ондайлармен байланысты шорт кескен дұрыс. Аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл Виталий Подчернин мұндай хабарландыруларға бірден назар аударатынын айтады. «Біз сайттың әкімшілігіне жүгінеміз. Қосымша тексерістен кейін әкімгерлер жалған хабарландыруды бұғаттайды. Осылайша, жыл басынан бері алаяқтардың 52 хабарландыруы бұғатталды», – дейді ол.

ШЕБЕРЛІГІ ТАҢДАЙ КАҚҚЫЗАДЫ

Интернет арқылы жасалатын қылмыстың тағы бір кен тараған түрі – банк қызметкері атынан қоңырау шалған бауқеспелердің

айла-шарғысы. Бұлардың кәдімгі бауқеспелерден айырмашылығы – олар тиын-тебенді місе тұтпай, миллиондап олжалағанды жөн көреді. Осылайша, жуырда петропавлдық аңғал келіншек 2 миллион теңгесінен қалай айырылып қалғанын өзі де сезбей қалды. Оған белгісіз біреу банк қызметкері ретінде хабарласып, несие рәсімдеу туралы ұсыныс жасайды. Каскөйдің айтқанын екі етпей, барлық нұсқауын кезек-кезегімен орындаған әйел ақыр соңында омық жеп қалды. Нұсқау бойынша интернет-банкінг қосымшасын ұялы телефонына жүктеп, тексерістен өтіп, ақыр соңында cvv-кодын алаяққа ақтарып салған. Осылайша, картасындағы бар қаржысынан айырылып, тақырға отырып қалған.

Ал тағы бір петропавлдық осыған ұқсас сценарий бойынша каскөйлердің айтуымен 200 мың теңгенің несие рәсімдеп, басқа

Интернет арқылы жасалатын қылмыстың тағы бір кен тараған түрі – банк қызметкері атынан қоңырау шалған бауқеспелердің айла-шарғысы. Бұлардың кәдімгі бауқеспелерден айырмашылығы – олар тиын-тебенді місе тұтпай, миллиондап олжалағанды жөн көреді. Осылайша, жуырда петропавлдық аңғал келіншек 2 миллион теңгесінен қалай айырылып қалғанын өзі де сезбей қалды. Оған белгісіз біреу банк қызметкері ретінде хабарласып, несие рәсімдеу туралы ұсыныс жасайды.

біреудің есепшотына аударып жіберген. Сөйтіп, жер сипап қалған ол полицияға жүгінуге мәжбүр болған.

Петропавл қалалық Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Жандос Мұқатовтың айтуынша, ең сойқаны – мұндай жымын білдірмейтін қылмыскерлердің ізіне түсу де, ұстау да, жазаға тарту да оңай емес. Өйткені интернет – барша әлемге ортақ. Мұндай қылмысты ашу кезінде бірқатар қиындық



Елдар КАБА (қолжазба)

туындайды. Сонын ішінде ең бастысы, каскөйлер басқа өңірлерде, тіпті өзге мемлекетте жүруі мүмкін», – дейді Жандос Мұқатов.

Жуырда Instagram әлеуметтік желісіндегі жалған «интернет дүкеннен» киім сатып алмақ болып, 98 мың теңгесінен қағылған әйелдің арызын тергеу барысында алаяқ Қарағанды қаласында тұратыны анықталды. Петропавл қалалық Полиция басқармасы қриминалдық полиция бөлімінің

сеніп, ақшасынан айырылып тұнған соң ғана «ақылы кіретіні» өкінішті-ақ.

«Күпия сөздер, пин-кодтар, cvv-кодтар, sms хабарламалар – қандай жағдай болмасын бөгде адамдарға сеніп айтуға болмайтын ақпарат екенін үнемі ескертеміз», – дейді тәртіп сақшылары. Бірақ оның айтуынша, қылмыскерлер де барған сайын айла-амалдарын жетілдіруден жалықпайды. Мәселен, олар банктің call-орталығы нөмірлеріне сәйкес келетін телефон нөмірін тандап, қоңырау шалған кезде сол сәйкестікті алға тартады. Кейбіреулері тіпті жәбірленушінің сөзге кезде жасаған операцияларынан да хабардар. Интернет-алаяқтардың осындай асқан шеберлігі таңдай қалқызып, тәтті етпей қоймайды.

ОПЫҚ ЖЕГІЗГЕН ОНЛАЙН НЕСИЕ

Сонғы кезде тасы өрге домалап тұрған онлайн несие де талайға омық жегізіп жүр. Көзге көрінбейтін несие берушілер үйде отырып, телефон не компьютер арқылы қарыз сұраған жұртшылыққа оп-оңай оңды-солды ақша тарата береді. Ол үшін уақыт шығындап банкке барудың, ұшы-қиыры жоқ, құжат ұсынудың қажеті жоқ. Жеке сәйкестендіру нөмірін біз ұялы телефоныңыз болса болғаны. Банктердегідей

«бас ауруы» жоқ: зейнетақы төлемдерінің көшірмесі де, жұмыс орнынан анықтама да, кепілдік беретін адам да, тұқ те талап етілмейді. Бұл жайт алаяқтардың өрісін кеңейте түсті. Олар өзгерлердің сыртынан несие рәсімдеп, оңай олжаға кенелді. Ресми дерек бойынша, биыл интернет арқылы жасалатын қылмыс саны 139 пайызға артқан. Жуырда хабарландырулар сайтынан біреудің жеке куәлігі табылды дегенді көрген алаяқ сол құжатты пайдаланып, бірер күннің ішінде 50 несие рәсімдеп үлгеріпті.

Түйіндей келгенде, айлакердің арбауына түсіп қалмау – әркімнің жеке басының ісі. Өйткені әзірге елімізде интернет-алаяқтықтың алдын аларлықтай еш шара қабилданбаған. «Интернетте алаяқтар бар» деп жалпылама сактандырудан пайда шамалы сияқты. Жалған онлайн-дүкен ашылғанын немесе веб-сайт пайда болғанын ескеріп, неге мониторинг жасап отырмасқа? Ондайлардың тізімінен халық уақытылы құлағдар етілсе, алданғандар азар ма еді?

Ал онлайн несие беруге келсек, бұл жүйені де реттейтін кез келген сияқты. Оңай несие омық жегізгені ескере келе, оның жолын мүлдем кессе де артық емес. Оңсыз да қарызға белшесінен батқан халыққа септігі тиер еді.

Солтүстік Қазақстан облысы

Жымқырғандар көбеймесе, азаймай тұр



«Жемқорлық індет – жою міндет». Алайда бұл ұранды айта-айта қатайтын болдық. Олай дейтіміз – Жамбыл облысында жемқорлықпен күрес күшейтілгенімен, әлі де болса «биені бүгімен, түйені түгімен» жұтатындар азаймай тұр.

Саятхан САТЫЛҒАН

6 АЙДА 42 ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛГЕН

Департамент берген мәліметке сүйенсек, есепті кезеңде сыбайлас жемқорлық сипатындағы 42 қылмыс тіркелген екен. Оның ішінде ең басты 4-і сыбайлас жемқорлық деректерінің жүйелі түрі болса, 2-і – кіші және орта бизнес субъектілерінің жұмысына заңсыз араласу және 6-ы мемлекеттік бағдарламаларды сүйемелдеу барысында қаржыны жымқыру деректері.

Бұдан бөлек, департамент мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор басшылары тарапынан жасалынған сыбайлас жемқорлық қылмыстарын да анықтаған. Атап айтсақ, 6 айда облыс деңгейіндегі 2 басшыға

және қала мен аудан деңгейіндегі 2 басшының үстінен қылмыстық іс қозғалған. Сондай-ақ 16 маманға қатысты іс сотқа жолданып, 26 азамат қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Тіркелген қылмыстар бойынша мемлекетке 116,7 миллион теңге көлемінде залал келтірілсе, бүгінде оның 96 миллион теңгесі өндірілген. 7,2 миллион теңге тұратын мүлікке тыйым салынған.

– Құқықбұзушылық түрлеріне тоқталатын болсақ, білім саласында бюджет қаржысын жымқыру, ауыл шаруашылығы саласында субсидияны заңсыз бөлу, денсаулық саласында үстемеақыларды негізсіз беру, ақша ұрлау, әлеуметтік салада мүгедектікті тағайындау, жұмысқа орналастыру мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында атқарылған жұмыстарды қабылдау барысында өрескел занбұзушылық болған. Сондай-ақ барлық салаға тән сыбайлас жемқорлық

тәуекелі – ол мемлекеттік сатып алу «майшелпекке» айналдырып алған. Аталған жағдай сол саладағы мекеме басшылары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын ұйымдастырмай бәрін формалды түрде жасап отыруынан туындауда.

«Nur Otan» партиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жалпы сомасының кемінде 5 пайызын сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытқа бөлуді көздеген. Алайда 6 айда әртүрлі себептермен әлеуметтік тапсырыстар бойынша сатып алулар әлі күнге жүзеге асырылмауда. Мәселен, Тараз қаласы мен Жамбыл, Қордай, Т.Рысқұлов аудандарында бұл бағыттағы жұмыстар кенжелеп тұр. Бұл үшін Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 680-бабымен жаза қарастырылған, – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы Әділхан Әшірбаев.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті тарапынан да бұл бағытта қырағы тексеріс жүргізіліп, занбұзушылыққа жол берген 13 азамат анықталған. Олардың көбі – облыстық басқармалар, Тараз қаласы мен Жамбыл ауданы әкімдігіне қарасты бөлім мамандары. Мысалы, Жамбыл облысы әкімдігінің Мемлекеттік сатып алу басқармасының бөлім басшысы Алмас Бердыбаевқа есепті кезеңде 11 әкімшілік хаттама толтырылып, 1,6 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған. Өткен жылы 83 хаттама жазылып, маман 6,2 миллион теңге айыппұл арқалаған.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ «МАЙШЕЛПЕК» ЭМЕС

Мемлекеттік сатып алу бағытында жағдайымыз мәз емес. Есепті кезеңде Ішкі аудит департаментімен «Мемлекеттік сатып алу» заңының талабын сақтамағаны үшін 440 әкімшілік іс қозғалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті тарапынан да бұл бағытта қырағы тексеріс жүргізіліп, занбұзушылыққа жол берген 13 азамат анықталған. Олардың көбі – облыстық басқармалар, Тараз қаласы мен Жамбыл ауданы әкімдігіне қарасты бөлім мамандары. Мы-

салы, Жамбыл облысы әкімдігінің Мемлекеттік сатып алу басқармасының бөлім басшысы Алмас Бердыбаевқа есепті кезеңде 11 әкімшілік хаттама толтырылып, 1,6 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған. Өткен жылы 83 хаттама жазылып, маман 6,2 миллион теңге айыппұл арқалаған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департамент есепті кезеңде мекемелерге зерделеу жұмысын да жүргізіп, 13 ұсыныс берген. Осы ұсыныс негізінде мемлекеттік сатып алу жоспары қайта қаралып, 950 миллион теңгеден астам бюджет қаржысы үнемделген. Мәселен, Шу ауданы 1 компьютердің құнын 600 мың теңге деп қойса, департамент зерделеуінен кейін ол 300 мың теңгеге түсірілген. Нәтижесінде, артық шығын көлемі 3 миллион теңгені құраған. Одан бөлек,

жатқан субсидияларға пайрықша көңіл бөлу де. Бүгінде департамент мамандары Байзақ, Жамбыл, Сарысу, Жуалы, Т.Рысқұлов, Меркі және Талас аудандарындағы шаруалармен кездесіп, өзекті деген 20-ға жуық мәселені анықтап отыр. Оның бір ғана мысалы – күні кеше департамент облыс әкімдігінің Ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы алдын ала сөз байласу арқылы мал басын сатып алмаған қожалық иесіне 15 миллион теңге субсидияны заңсыз аударғаны үшін ісін сотқа жолдап отыр.

Негізі мұндай заңсыздықтар жуырда «Nur Otan» партиясының Жамбыл облыстық филиалында партия жанындағы Аграрлық секторды дамыту бойынша аймақтық кеңестің тақырыбында да айтылған. Осы таңға дейін Ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан шаруа қожалықтарына 18 миллиард теңге қаржы бөлінсе, субсидиялаудың 28 бағытын толық орындау үшін Ауыл шаруашылығы министрлігіне қосымша 14 миллиард теңгеге сұраныс жолданған. Алайда бекітілген ережеде құжаттардың заңдылығына шаруа қожалығы жауапты екені көрсетілген. Басқарма тарапынан жүргізілген тексеріс нәтижесінде 458 шаруа қожалығының құжаттары талапқа сай емес екені анықталып, ол шаруа қожалықтарына жарты миллиард теңгеден астам субсидия заңсыз төленгені белгілі болған.

P.S

Осылайша, Жамбыл облысында шенділер жымқырудан алдына жан салмай отыр. Әрине, көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда сәл төмендегенімен, бұл көңілге жұбату болға алмайды. Сондықтан бұл бағытта әлі де болса талапты тапсырмалармен жүйелі тексерістер қажет. Ең бірінші атқамінерлер құлқын емес, ұлтын ойлағаны абзал. Сонда ғана біз сыбайлас жемқорлықсыз болашаққа жол сала аламыз.

Жамбыл облысы



Тарихи ғимарат жекенің қолына өтіп кеткен

Петропавлда ерекше қорғалатын тарихи және мәдени ескерткіш ғимарат мемлекетке қайтарылғалы жатыр. «Қалыңдық үйі» деп аталатын нысан апатты деп танылып, күрделі жөндеуден өткен еді. Алайда бес жылдан соң ғимараттың қабырғалары қайта сөгіліп жатыр.

Аңыз әңгімелерде бұл нысанда Мәскеудегі байдың қызына ғашық болған петропавлдық көлес Янгүзаров салдырған. Ол үшін Италиядан сәулетшілерді арнайы алдыртыпты. Екі қабатты еңселі ғимарат барокко стилінде, яғни ұлттық нақышпен астырып тұрғызылған. Бір ғасырдан астам тарихы бар нысан 90-жылдары осы мандағы мешіттің қарамағына өткен екен.

Өңірдегі тарихшылар қолдан келгенше бұл ғимаратты сақтап қалу қажет екенін айтып жатыр. 2000 жылдарға дейін мұндай нысандарды сақтау заңды түрде рұқсат берілген. Бүгінде жекенің

қолына өткен ғимараттардың үшеуі саудаға шығарылған екен. Дегенмен бұл нысандар ескерткіш ретінде сақталғандықтан кәсіпкерлер жергілікті билікпен міндетті түрде қауіпсіздік міндеті темесі бойынша келісімге отыруы керек. Яғни, нысанның сыртын бұрынғы калпында сақтауы тиіс. Осындай келісім жасасқан кәсіпкерлердің бірі қазір облыс орталығында қираған мәдени нысанды қайта қалпына келтіріп жатқан көрінеді. Ол үшін құрылысқа қажетті әр кірпішті арнайы Ресейден алдыртқан.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

Зара Дәркен жартылай финалға өтті

Париж қаласында өтіп жатқан Tennis Europe топтамасына кіретін юниорлар арасында LA BALLE MIMOSA LOIRE-ATLANTIQUE бірінші категориялы жарыс финалының ширек ойындарын аяқтады. Қазақстан Теннис федерациясы осы додандан қуантарлық жаңалықтың жеткенін хабарлады.



Жарысқа бүкіл әлемнен жиналған 14 жасқа дейінгі ең мықты ойыншылар қатысып жатыр. Ширек финалда теннисшіміз Зара Дәркен ауыр кездесуде 3 сағат 10 минутта жергілікті спортшы Скарлет Херингтонды 5:7, 7:5, 6:0 есебімен ұтты. Зара екінші сетте 2:5 есебімен ұтылып жатқан еді. Оның үстіне, француз теннисшісінің екі матчболы болған. Алайда Зараның жеңіске деген талпынысының арқасында ол ұтып қана қоймай, сетті өзіне қайтарып алды. Ал шешуші партияда қарсыласына бірде-бір гейм қалдырған жоқ. Енді жартылай финалда Дәркен Чехия спортшысы Лаура Самсоноваға қарсы ойнайды.

М.ТӨЛЕУ

Бокстан Қазақстан командасы Олимпиадаға аттанды

Еліміздің былғары қолғап шеберлері Жапония астанасы Токио қаласын бетке алды. Боксшылар Олимпиада қарсаңында жаттығу жиынының екі кезеңін өткізді. Алдыңғы жиында жалпы дене жаттығуына көңіл бөлсе, соңғы кезеңде техниканы жетілдіруге күш салды.



Үздік боксшылармен спаррингтік кездесулер ұйымдастырған құрама кезекті олимпиадаға тыңғылықты дайындықпен бара жатқанға ұқсайды. Былғары қолғап шеберлері үшін Олимпиада ең ұзақ дода болмақ. Өйткені бокс бәсекесі 24 шілдеде басталып, 8 тамызға дейін жалғасын аса ауыр салмақтағы боксшылар Токио турнирінің шымылдығын жаппақ.

— Біз бір апта бұрын ұшып барамыз. Жеті күн бойы өзге ел-

дің табиғат жағдайына бейімделіп, карантин талаптарын сақтаймыз. Ұлттық құраманың екінші және үшінші нөмірлі боксшылары спаррингтік кездесуге келіп, бас команда жігіттерін шығарып салды. Баршаңызға көп рақмет! Жігіттердің спорттық бабы жоғары. Енді мінез көрсетіп, моральдық тұрғыдан мықты болу керек, — дейді бас бапкер Ғалымбек Кенжебаев.

М.ХАҚНАЗАР

«Ордабасы» «Ертістің» күйін кеше ме?

«Ордабасы» қаржылық қиындыққа тап болды. Клубтың биылғы маусымға бөлінген бюджеті жарты жылға да жетпеген деген ақпарат бар. Қаржыдан қағылған шымкенттік клубтың басшылығы айлығы жоғары шетелдік және қазақстандық футболшылармен келісімшартты бұзып жатыр.

Абылайхан ЖҰМАШ

Бүгінге дейін команда сапынан Май Мақланғу, Жоао Паулу, Тимур Досмағамбетов, Темірлан Ерланов, Мирзал Механович, Бағдат Қайыров, Игорь Трофимец және Рубен Бриджидо кетті. Күні кеше команданың ардагер футболшысы, аргентиналық қорғаушы Фабио Фонтанелло да 3,5 жыл ойнаған командасымен қоштасатын. Қазақстан Премьер-лигасындағы үздік клубтардың бірі саналған «Ордабасының» енділігі жағдайы қалай болмақ? Бұл — көптің көкейіндегі сауал.

«Ордабасы» футбол клубының президенті Бақтияр Байсейітов клубтың баспасөз қызметі жариялаған сұхбатта командалағы мәселелер мен осы маусымда қаржы қысқаруының нәтижесінде пайда болған қиындықтар жайлы айтты.

— Қазір клубтың жағдайы расымен қиындап кетті. Бюджеттің қысқаруына байланысты біз қазір шығындарды онтайландырудамыз. Футболшылармен олардың келісімшарттарына сай келіссөздер жүргізіп, олардың жаңа командаға ауысу жайын қарастырудамыз. Футболшыға екі айдан астам уақыт жалақы төленбесе, ол УЕФА-ға арыз тастай алатыны бәрине белгілі.

Ал ол кезде клуб айыппұл төлейді және чемпионатта жинаған ұпайлары алынып тасталады. Біз бұрынғыдай да жалақыларды кешіктіргенбіз, бірақ ол кезде футболшыларға еңбекқалыптарының кейін толықтай төленетініне кепілдік бердік. Бұл жолы өкінішке қарай, футбол-



шыларды таратудан басқа амалымыз қалмады. Өйткені футболшыларға 3 ай қарызымыз бар. Сол себепті алдағы айларда жалақыны қысқарту мәселесін көтердік. Ал жалақысын қысқартқысы келмейтін ойыншыларға басқа клубтардың нұсқаларын қараған дұрыс екенін айттық. Клубтағы қаржылық жағдайды түсініп, жалақыны қысқартуға келісімін бере алатын ойыншылар командада қалады. Александр Седневке келсек, ол клубтағы жұмысын жалғастыра береді. Оның жастармен жақсы жұмыс істейтінін білеміз. Сол себепті командада бәсекелестік арта түседі деп ойлаймыз, — дейді клуб президенті.

Бұл жерде негізгі командадан бөлек Екінші Лиганда өнер көрсететін «Ордабасы» жастар құрамасының да жағдайы баса назарға алынды. Бірақ соның өзінде де «командамыз павлодарлық «Ертістің» күйін кешпесе екен» деп шымкенттік жанкүйер аландаушылық танытып жатыр. Олар әр жылдары қаржылық қиындықтарға біріншіліктегі бір команданың тап болатыны үйреншікті жағдайға айналғанын да айтып дабыл қағуда. Әзірге клубтың сапында бір-екі

легионер мен жергілікті футболшылар ғана қалды. Клуб басшылығы жанкүйерлерін сабырға шақырып, команданы сақтап қалудың тиімді жолдарын қарастыратынын айтты. Алдағы уақытта Бірінші, Екінші лиганың ойыншылары мен арзан

игере алмаған клуб командадан үздік ойыншылардың, шетелдік легионердің біразын жіберді. Енді кезекте жергілікті жастарға сенім артылмақ.

Шыны керек, пандемия бас-талғалы көптеген клубтың бюджеті

Жалақысын қысқартқысы келмейтін ойыншыларға басқа клубтардың нұсқаларын қараған дұрыс екенін айттық. Клубтағы қаржылық жағдайды түсініп, жалақыны қысқартуға келісімін бере алатын ойыншылар командада қалады.

бағада легионерлерді командаға шақыру көзделіп отыр.

Елімізде жүлделі орынға ілігіп жүрген, сөйтіп еурокубоктық додаларға қатысатын санаулы ғана клубтарымыз бар. Олар негізінен — «Астана», «Қайрат», «Ордабасы» және «Тобыл» командалары. Өткен жылы бұл қатардан шымкенттік клуб шығып қалған болатын. Осы жылы да «Ордабасының» жүлдегерлер қатарынан көрудің өзі оңайға түсе қоймас. Қыруар қаржыны

қысқарып, командалардағы проблемалар біртіндеп шыға басталды. Күні бүгінге дейін біріншіліктегі үздік клубтардың қатарында жүрген клубтардың, әсіресе «Ордабасының» қазіргі жағдайы бұрынғысымен мүлдем салыстыруға келмейді. Басшылық тез арада бұл тығырқан шығайды деген үміттеміз. Қайткен күнде де, өткен жылы шығынға белшесінен батып, банкрот болған «Ертістің» күйін «Ордабасы» кешпесе дейсің.

Локомотив сүйреген Бауыржан

Қазақ халқының тұңғыш кәсіпқой палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына орай ұйымдастырылған спорттық шарада Бауыржан Қамалиев, Айбар Ержанов және Ержан Жақаев өрқайсысы жеке-дара салмағы — 276 тонна, биіктігі 44 тона болатын екі теміржол локомотивін 10 метрге сүйреді. «Тәуекел етсең, тау жығасың» деген рас. Күш атасын танымайтын үш палуан күштің экстриммен әлемдік рекорд орнатты, қала күніне тосынсыз жасады.

Бала күнінен түрлі спорт түрімен айналысқан Бауыржан Қамалиев қазір тұрақты түрде зілтемір көтереді. Құқық қорғау қызметкерлері мен өрт сөндірушілер арасында өткен әлемдік ойындарда топ жарып жүрген ол пауэрлифтингтен спорт шебері.

Пиннестің рекордтар кітабына есімі енген палуаннан ауыр атлетикамен айналысып, бірнеше тонналық жүкті сүйреуіне не түрткі болғанын сұрап білдік. Ақмола облысы Ерейментау қаласында дүние есігін ашқан Бауыржан кішкентай кезінде тентек болғанын күллі есіне алды. «Біздің балалық шағымызда көк жәшіктен күнде көретіміз Брюс Ли, Жан-Клод Ван Дам ойнайтын кинолар еді. Спортқа деген әуестік киноәртістерге еліктеуден басталды. Әлі есімде, кинодан не көрсем, соны қайталайтынмын. Солар секілді жүгіріп, өз бетімше жаттығу жасайтынмын. Ол кезде жағыз мен ғана емес, қатарластарымның көбісі кинодағы әртістердің шебер-



лігіне сүйсіндік қой. Қазақтан шыққан мықты спортшыларды естіп-білгенімізбен, көргеніміз шетелдік кинолар болды. Бала нені көреді, соны қабылдайды екен. Ержеткен соң спортқа әуестігім одан сайын арта берді. Бокспен де, күреспен де шұғылдандым. Қазір зілтемір көтеремін. Бірақ кәсіби түрде спортпен айналысқан жоқпын. «Әке көрген оқ жонар» демекші, әкем секілді тәртіп сақшысы болуды мақсат еттім. Әлі күнге дейін спорттан қол үзген емеспін, құқық қорғау қызметінде де қатар алып келемін», — дейді Бауыржан Аманжолұлы.

Жоғары тәуекелділікті талап ететін экстремалды спорт түрімен жүрегінің түгі болмаса, кәсіпқой спортшылардың өзі айналыспайды. Өйткені жылдамдық, биіктік, физикалық күштің мығымдығы қажет болатын спорттық экстримде

әр түрлі мамандандырылған құралдар қамтылады. Бұған дейін қалада дөңгелегі бар дүниенің барлығын сүйреп көрген палуан КамАЗ бен фурааларды тартып көрген. «Тамшы тама берсе, тасты жаралды» деген секілді, тәуекел етуінің арқасында үш айлық дайындықтан кейін әлемдік рекорд орнаталды.

Он үш жылдан бері тәртіп сақшысы болып қызмет істейтін спортшы қазір анықтау бөлімінде аға анықтаушы. Күніне бірнеше қылмыстық істі тергейтін ол спорт адамға сабырлық пен төзімділік беретінін айтады. Тегеуріні мықты тергеуші болу үшін спорттың өзі аздық ететінін тілге тиек еткен полиция майоры Бауыржан Аманжолұлы қолы босаса, кітап оқығанды жақсы көреді. «Адам баласы ізденуден бір сәтке қол үзеуі керек. Көп оқыған адам мұратына жетеді. Әр адам өз мамандығын

шын сүйіп, қоғамға өз үлесін қосса деймін. Әркімді бір жамандап, сынап-мінгенше 19 миллион қазақтың ең болмаса, он шақтысына үлгі болсам деймін. Бала кезімізде шетел әртістерін өзіме үлгі тұттым. Ал менің ұлым өзге ұлтқа емес, өз әкесінен үлгі алса, одан асқан арман жоқ. Өзің өзгермей, өзгеге жөн сілтеу күлкілі. Дастархан басында сыра ішіп отырып, балаңа қандай ақыл айтасың? Баламның «әкем секілді боламын» деген бір ауыз сөзі мен үшін үлкен жетістік. Бұл спортқа, құқық қорғау қызметімен әкелік міндетіме де адал болдым деген сөз. Бізден кейінгі ұрпақ өз ұлтын мақтан тұту керек. Ол үшін міндетті түрде көк туды жалаулатып, кеудені соккылаудың қажеті шамалы. Мысалы, салауатты өмір салтын ұстану керектігін көрсету үшін өзім спортпен шұғылдануым керек. Үш жылдан бері Instagram әлеуметтік желісінде параквасын ашып, күнделікті жаттығуымды салып жүрмін. Қызығушылық танытатын балалар бар. Спортпен айналысып, түрлі жарыстардан жүлделі болып жатқандар көп. «Жарысқа қатыстым, жүлдегер болдым», біреулер «Ішумді тастадым, спортпен айналысып жүрмін» деп жазып жатады. «Сіз секілді полиция қызметкері болғысы келеді» деп ата-аналары жылы лебіздерін білдіреді. Соның өзі мен үшін мақтаныш. Қоғамның өзгеруіне титтей болса да үлес қосып жатқанын қуантады», — дейді күштік экстрим бойынша әлемдік рекордсмен Бауыржан Аманжолұлы.

Жадыра МҮСЛІМ

NIM AIQYN NUR MEDIA

Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ —
Қызылорда облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpaev@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3962
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114